

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Ш. ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ  
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Қ.Н. АШЕКЕЕВА**

**МӘДЕНИЕТТАНУҒА КІРІСПЕ  
ОҚУ ҚҰРАЛЫ**

**Ақтау, 2010**

УДК 008 (075.8)

ББК 71.0 я 73

А 97

Баспаға Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің оқу-әдістемелік кеңесі ұсынған.

Ашекеева Қ.Н.

А 97 МӘДЕНИЕТТАНУҒА КІРІСПЕ: Оқу құралы/ Қ.Н. Ашекеева – Ақтау: Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, 2010. – 51 бет.

ISBN 978-601-226-048-9

Кітапта мәдениеттану ғылымының қалыптасуы, даму кезеңдері, зерттеу нысандары және басқа да ғылымдармен өзара байланысы, негізгі ұғымдары мен салалары, мәдениеттің теориялық-типологиялық мәселелері қарастырылады.

Оқу құралында мәдениеттің пайда болуының және дамып, таралуының әртүрлі концепцияларына тоқталып, мәдениеттің өзекті салалары – өнер мен діннің пайда болуын түсіндіретін теориялар және олардың мәдениеттегі орны, негізгі түрлері мен бағыттары баяндалады.

Басылым мәдениеттану саласының мамандарына, жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттарға және осы мәселелерге қызығушылық танытатын барлық оқырман қауымға арналған.

УДК 008 (075.8)

ББК 71.0 я 73

Пікір жазғандар: А.К. Ахметов – педагогика ғылымдарының докторы, профессор;  
А.А. Демеуова – философия ғылымдарының кандидаты, доцент;  
А.И. Мамбетова – мәдениеттану кандидаты, доцент.

ISBN 978-601-226-048-9

© Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ 2010ж.

## АЛҒЫ СӨЗ

Қазіргі уақыт талабы – жан-жақты дамыған, білімді де мәдениетті адамды қалыптастыру. Жас адамдардың қабілеттерін ашып, оның өмірін рухани бай сан қырлы ету және салауатты өмір салтын қалыптастыру – мемлекетіміздің қазіргі мәдени саясатының басты бағыты.

Бүгінгі күн әрбір адамнан мәдениеттің шынайы да асыл дүниелерін, рухани байлықтарын түсінуді талап етеді. Міне сондықтан қазіргі жастар адамзат мәдениетінің негіздерін, құндылықтары мен жетістіктерін білуі қажет. Осы мақсатта студенттерді әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктерімен таныстыру және әр түрлі ұлттардың мәдениетін түсініп құрметтей білуге үйрету керек. Бұл қазіргі Қазақстандағы саяси-әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етудің басты алғы шарттарының бірі.

Жоғарғы оқу орындарында мәдениеттану пәнін оқытудың мақсаты студенттерді тек теориялық білімдермен қамтамасыз ету ғана емес, алған білімдерін қоғамдық өмірде, әлеуметтік қарым-қатынастарда кеңінен қолдана білуге үйрету. Ең бастысы әлемде орын алып отырған күрделі процестерді терең түсініп, уақыт талабына сай ойлай және шешім қабылдай алатын жас маманды қалыптастыру болып табылады. Бұл жас маманнан тек кәсіби біліктілік пен шеберлікті ғана емес жан-жақты білімділікті, көкжиегі кең танымды талап етеді.

Оқу құралында мәдениеттану ғылымының қалыптасып, даму кезеңдері, зерттеу нысандары мен кең таралған теориялық мәселелері және мәдениеттің негізгі ұғымдары мен салалары баяндалады.

Ұсынылып отырған оқу құралы республикамыздағы жоғарғы оқу орындарына енгізілген кредиттік жүйені де ескере отырып дайындалды. Осыған байланысты студенттерді өзіндік жұмыс істеу мен өзіндік ізденіс қабілетін дамыту мақсатында әрбір тақырыптың соңында реферат тақырыптары мен өткен материалды тереңірек игеру үшін бақылау сұрақтары тест түрінде қарастырылған.

# **1 тақырып. МӘДЕНИЕТТАНУДЫҢ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОРНЫ**

- 1. Мәдениеттану пәні**
- 2. Салт-дәстүр, әдет-ғұрып, құндылықтар мен рәміздер мәдениеттің құрамдас бөліктері ретінде**
- 3. Мәдениеттің қоғамда атқаратын қызметтері**
- 4. Мәдениет және өркениет**

Бірінші сұрақты қарастыру барысында мәдениеттану пәнінің қалыптасып даму кезеңдеріне, оның заңдылықтарын ашуға назар аудару қажет.

Мәдениеттану жеке пән ретінде ХІХ ғ. соңғы ширегінде қалыптасты. Өйткені, дәл осы кезде мәдениет пен табиғатты (табиғылықты) карама-қарсы қою, мәдениетті адам жасампаздығының, шығармасының нәтижесі, туындысы деп түсіну гуманитарлық білім жүйесінде берік орын алды.

Мәдениеттану пәнін тереңірек түсіну үшін аталмыш ғылым саласының нені, қандай құбылыстар саласын зерттейтініне талдау жасау керек.

Мәдениеттану қоғамдағы әртүрлі процестерді: материалдық, саяси-әлеуметтік, көркемдік, моральдық құбылыстарды зерттейді. Мәдениеттанудың мақсаты – мәдениет дамуының жалпы заңдылықтарын, оның қоғамда қызмет етуінің принциптерін, әртүрлі мәдениеттердің ерекшелігін, бірегейлігін, олардың өзара байланысын ашу. Сонымен бірге мәдениеттану қазіргі өркениет келбетін, ерекшеліктерін, заңдылықтарын, мәдениет тарихын, адам бойында мәдени қажеттіліктер мен мүдделердің қалыптасуын, оның мәдени құндылықтарды өндіріп, сақтаудағы және оны келесі ұрпақтарға жеткізудегі рөлін зерттейді.

Мәдениеттану құрылымында екі бағытты бөліп қарастыруға болады. Біріншісі – мәдениет теориясы. Ол мәдениет генезисін, даму заңдылықтарын, мәдениеттің қоғамдық болмыс салалары мен арақатынасын және т.б. теориялық мәселелерді зерттейді. Екіншісі, мәдениет тарихы – мәдениет дамуының негізгі кезеңдерін, оның уақыт пен кеңістік аясындағы келбетін, әртүрлі мәдениеттер арасындағы сұхбаттастықты, сұхбаттастық пен айырмашылықты тануға бағытталған.

Міне, осы тұрғыда мәдениеттану тарих, әдебиет, этнография, өнертану, археология сияқты ғылымдармен тығыз байланыста болады. Аталған ғылым салалары мәдениеттің белгілі бір салаларын зерттейді. Ал мәдениеттанудың олардан айырмашылығы, ол мәдениетті біртұтас, жүйелі құбылыс ретінде қарастырады. Екіншіден, мәдениеттану мәдениетті туынды немесе нәтиже ретінде емес, үнемі дамуда болатын әлеуметтік-тарихи процесс ретінде зерттеуге талпынады. (Мәдениеттанудың басқа ғылымдардан айырмашылығын терең түсіну мақсатында сіздерге Т.Х.Габитовтың “Мәдениеттануға кіріспе” (Алматы: “Санат”, 1995 ж.) және “Мәдениеттану” (Алматы: “Раритет”, 2000 ж.) оқулықтарын қарап шығуды ұсынамыз.

Мәдениеттанудың қалыптасуына әлеуметтік (мәдени) антропология зор ықпал етті. Антропология – адамзат пен адамзат қоғамының қалыптасып дамуы туралы ғылым болып табылады. Әлеуметтік (мәдени) антропология өзінің даму барысында бірнеше сатылардан өтеді.

1. Этнографиялық кезең (1800-1860 жж.).
2. Эволюциялық кезең (1860-1890 жж. ортасы).
3. Тарихи кезең (1890-1920 жж. ортасы).
4. Психологиялық кезең (1920-1950 жж.).
5. Құрылымдық-функционалдық кезең (1930-1950 жж.).
6. Неоэволюциялық кезең (1950-1980 жж.).
7. Постқұрылымдық кезең (1980 жж. – осы уақытқа дейін).

Бұл кезеңдердің әр қайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл туралы сіздер А.И.Пигалевтың “Культурология” (Волгоград, 1999 ж.) оқулығынан толық мәлімет ала аласыздар).

Екінші сұрақ салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптардың, құндылықтар мен рәміздердің мәдениеттегі алатын орнын, маңызы мен рөлін талдауға бағытталған. Аталмыш ұғымдар мәдениетті дамыту мен сақтауда, жетілдіруде маңызды рөл атқарады.

Ең алдымен мәдениеттің диалектикалық байланыста болатын екі жағы бар екендігіне назар аударайық. Мәдениет салт-дәстүрге негізделген тұрақтылық және үнемі өзгеріп, дамып отыруға бағытталған жасампаздық арқылы өніп-өрбиді. Ф.Ницше бұл құбылысты мәдениеттегі апполондық пен дионистік бастаулардың күресі арқылы бейнелейді.

Салт-дәстүр мәдени дамудағы сабақтастықты жүзеге асырады. Сол арқылы адамзат қауымының тарих пен шындықты, табиған пен әлеуметтік ортаны игерудегі тәжірибесі жинақталады. Әрбір келесі ұрпақ қалыптасқан мәдени дәстүрді бойына сіңіру арқылы мәдениет субъектісі болып қалыптасады. Яғни салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптар, құндылықтар мен рәміздер адамның әлеуметтену процесінде шешуші рөл атқарады. Сондықтан дәстүрсіз мәдениеттің болуы мүмкін емес, салт-дәстүр мәдениетті сақтаудың ғана емес сонымен қатар жаңа мәдениет үлгісін жасаудың да басты алғы шарты болып табылады.

Мазмұны жағынан салт-дәстүрге жақын ұғым әдет-ғұрып ұғымы.

Әдет-ғұрып – адамның рәмізделген жүріс-тұрысы немесе іс-әрекеті. Оның басты мақсаты адам қауымдастығы арасындағы байланысты, қарым-қатынасты нығайту, сенімсіздік пен тұрақсыздыққа жол бермеу. Адамзат тарихындағы ең алғашқы әдет-ғұрыптар тұрмыс тіршілікке, шаруашылық hareketке және діни нанымдарға байланысты пайда болады (Мысалы: аңшылық, магия, діни ритуалдар және т.б.).

Мәдениет әлемі құндылықтармен тығыз байланысты. Құндылықтар адам мен қоғамға жақсылық пен зұлымдықтың, ақиқат пен жалғанның, сұлулық пен ұсқынсыздықтың, әділеттілік пен әділетсіздіктің ара жігін ашуға мүмкіндік береді. Сол арқылы адам мен қоғам өмірлік, дүниетанымдық, моральдық ұстанымын айқындайды, қалыптастырады. Құндылықтарды зерттейтін білім саласын аксиология (грек *axio* – құндылық және *logos* – ілім, сөз) деп атайды.

Белгілі Ресей ғалымы Б.С.Ерасов құндылықтардың төмендегідей типологиясын ұсынады:

1. Өмірлік (витальдық) құндылықтар: өмір, денсаулық, тән саулығы, қауіпсіздік, тұрмыс деңгейінің жоғары болуы (тоқтық, тыныштық, сергектік), күш-қуат, төзімділік, өмір сапасы, табиғи орта (экологиялық құндылықтар), іскерлік, тұтыну деңгейі, комфорт және т.б.

2. Әлеуметтік құндылықтар: әлеуметтік бедел, мәртебе, еңбекқорлық, еңбек, кәсіп, отбасы, отанды сүю, тәртіп, тәуекелдікке бейімділік, әлеуметтік және жыныс теңдігі, жеке бас тәуелсіздігі, қоғам өміріне белсене араласу және т.б.
3. Саяси құндылықтар: сөз еркіндігі, азаматтық еріктер, мемлекеттілік, заңдылық, жақсы ел басқарушы, тәртіп, конституция, азаматтық келісім.
4. Моральдық құндылықтар: жақсылық, игілік, махаббат, достық, парыз, ар-намыс, адалдық, әділеттілік, мейірімділік, үлкенге ізеттілік, кішіге қамқорлық.
5. Діни құндылықтар: Құдай, құдайлық заң, наным, аман қалу, Құдайлық игілік, Қасиетті жазу мен киелі сөз, шіркеу.
6. Эстетикалық құндылықтар: әсемдік, әдемілік, идеал, стиль, үйлесімділік, дәстүр сабақтастығы немесе жаңашылдық, эклектика, мәдени бірегейлік немесе сырттан қабылданған сымбаттылыққа еліктеу (Б.С.Ерасов “Социальная культурология“. Москва: “Аспект Пресс“, 1997 ж. 115-116 бб.).

Құндылықтар адамзат қоғамы үшін бағыт-бағдар, идеал қызметін атқарады. Мәдениеттің құндылықтық тұжырымдамасы қоғам өміріндегі идеалды үлгінің (модельдің) маңызы мен рөліне басты назар аударады, мұнда мәдениет болу керектінің нақтыға ұласуы, айналуы ретінде көрініс табады. Мысалы, Қазақстан Республикасының мұраты демократиялық, құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам принциптерін жүзеге асыру.

Адам қоғамы мәдени даму барысында күрделі рәміздер жүйесін қалыптастырады. Рәміз – адамды қоршаған ортамен, субъекті мен объектіні таңбалар жүйесі арқылы байланыстыру құралы. Рәміздер қарым-қатынас құралдары қызметін атқарып, өзара түсіністікті орнатуға, ұжымның немесе қауымның ұйымшылдығын күшейтуге ықпал етеді. Адам өміріндегі елеулі оқиғалар, табиғат құбылыстары рәміздік мазмұнға ие болуы мүмкін. Мысалы, қазақтың батырлар жырындағы Алпамыстың, Қобыландының және т.б. дүниеге келуі әртүрлі тосын табиғи құбылыстармен байланыстырылады.

Ғылыми таным мен өнерде рәміздерді кеңінен қолданады. Осы тұрғыда тілдің универсалды рәміздік жүйе екендігін айта кетуіміз керек. Таным процесінің дамуы мен тереңдеуі, абстрактілі ойлау мен пайымдаудың жетілуі адамға тіл арқылы түрлі ұғымдарды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл ұғымдарда құбылыстың мәнді жақтары көрініс табады. Көп жағдайда ғылым адамның таным тәжірибесі жинақталған ұғым-рәміздермен істес болады (Мысалы, жаратылыстану ғылымдарында қолданылатын формулалар және т.б.).

Мәдениеттің рәміздерге толы бір саласы – өнер, поэзия мен музыка, живопись пен архитектура, жалпы, кез-келген өнер саласы мен жанр рәміздерді кең қолданады. Мысалы, М.Булгаковтың “Мастер және Маргарита”, Ш.Айтматовтың “Ақ кеме” шығармалары да түпкі ой үлкен шеберлікпен рәмізделіп жеткізілген. Ш.Айтматовтың “Ақ кемесіндегі” кішкене баланың ақ кемеге ұмтылуы, ал оның сағым тәріздес болып, көкжиектен асып, ғайып болуы, катал шандық пен кіршіксіз таза бала арманының қарама-қайшылығын білдіреді. Сондықтан, шығарманың “Ақ кеме” атануы да тегін емес “Ақ кеме” нәрестенің ішкі дүниесі, арман әлемі. Рәміздердің пайда болып, дамып, қалыптасуына біз Ә.Кассирердің “Рәміздік теориясын” қарастырып толығырақ тоқталамыз.

Үшінші сұрақты қоғам және мәдениет ұғымдарының арақатынасын анықтаудан бастайық. Себебі, мәдениеттің мәні оның қоғамда атқаратын қызметтері арқылы айқындалады. Қоғам туралы айтқанда, адамдардың ұзақ уақыт бойы бірлесіп өмір сүруі барысында қалыптасқан әлеуметтік қатынастар жиынтығы, қарым қатынасы алдыңғы қатарға шығады. Ал мәдениет қоғамның ішкі имманенті қасиетін, сипатын білдіреді.

Мәдениет қоғамдық өмірдің барлық салаларын қамтиды және барлық қоғамдық қатынастарда көрініс табады. Мәдениеттің қоғамда атқаратын қызметтері сан-алуан. Ғалымдар негізгілер ретінде мәдениеттің әртүрлі қызметтерін атап көрсетеді (Бұл туралы қараңыз: Т.Х.Ғабитов. “Мәдениеттануға кіріспе”, Алматы: “Санат”, 1995 ж.).

**1. Мәдениет** – қоғамдағы мәдени сабақтастықты, мәдени мұрагерлікті жүзеге асырады. Тарихи даму барысында адамзат жинақталған тәжірибені ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің әлеуметтік механизмдерін қалыптастырады. Егер биологиялық ортада ақпарат ген негізінде мұраланса, қоғамда ол әлеуметтік тәсілдер және құрал-жабдықтармен толықтырылады. Білім беру, тәрбиелеу, үйрету тәжірибені жеткізудің әлеуметтік механизмдері болып табылады. Мысалы, Көне мәдениеттегі ритуалдық билердің Сакральдық мәні мен қатар практикалық мәні де болған. Осы билер арқылы еңбек ету әрекеттеріне (аңшылық, балық аулау және т.б.) жастарды баулыған.

**2. Танымдық қызметі.** Кез келген этномәдениетпен танысу оның салт-дәстүрлер мен рәсім-рәміздер жүйесін игеруден басталады. Адам олардың түпкі мәнін, қызметін ашуға ұмтылады. Ол бұл дәстүрдің мән-мағынасы неде? – деген сұраққа жауап іздейді. Мәдениеттің терең сырын танып, рәміздерін игерген адам ғана сол мәдениетті түсініп, құрметтей алады. Осы тұрғыда мәдениеттің танымдық қызметі мәдениеттер сұхбатын дамытуда ерекше рөл атқарады. Мәдениеттің танымдық қызметінің екінші бір қыры біліммен байланысты. Адамның танымдық харекетінің барысында таным тәсілдері мен құрал-жабдықтары қалыптасады. Әрбір келесі ұрпақ алғы ұрпақтың таным нәтижелеріне сүйенеді және осы негізде таным процессін әрі қарай дамытады. Тіл, сана, ойлау қабілеті, жазудың пайда болып, дамуы адамзат мәдениетінің үздіксіз дамуының, жетілуінің нәтижесі болып табылады.

**3. Реттеу қызметі** мәдениеттің адамдардың өзара қатынасын бір қалыпқа келтіруіне байланысты. Мәдениеттің бұл қызметі оның басқа да қызметтерімен (жарғылықтар мен құндылықтарды, рәсім-рәміздерді өндіру) тікелей байланысты. Этномәдениет тиым салулар, ырымдар мен мақал-мәтелдер арқылы қоғам, отбасы, әлеуметтік топ мүшелерінің қарым-қатынасын реттеп отырады (Мысалы, қазақ мәдениетіндегі “Есіктен кіріп төрге озба”, “Аға тұрып, іні сөйлемес” және т.б. мақал-мәтелдер). Қоғамдық даму барысында адамдар қарым-қатынасын салт-дәстүрлерін реттеудің орнын заң құқық жарғылықтары арқылы реттеу басады. Алайда, бұл алдыңғылардың маңызын жоққа шығармайды. Қоғамда бұл екі реттеу түрлері бірін-бірі толықтырып отырады.

**4. Әлеуметтендіру (социализация) қызметі.** Адам баласы тек қоғамда ғана адам болып қалыптасады. Мәдениеттің әлеуметтендіру қызметі тұлғаны қалыптастырумен тікелей байланысты нышан. Жас нәресте өмірге келген сәттен-ақ этномәдени ортаға түседі және біртіндеп этномәдени, әлеуметтік құндылықтарды,

рәсім-рәміздерді, жарғылықтарды игереді. Соның нәтижесінде мәдениет субъектісі ретінде қалыптасады.

Әлеуметтену дегеніміз адамның әлеуметтік мәнінің қалыптасуы.

От басында тәрбие беру, мектепте және жоғары оқу орындарында білім беру әлеуметтендіру процесінің үздіксіз буындары болып табылады.

Әлеуметтену процесінде құқықтық әлеуметтену ерекше орын алады. Құқықтық әлеуметтену – азаматтың өзінің әлеуметтік рөлі мен қоғамдағы орнын толық түсініп, игеруі, әлеуметтік-құқықтық қатынастарға кеңінен тартылуы. Әлеуметтену адамның қоршаған әлеуметтік ортаға бейімделуіне ықпал етеді. Соның нәтижесінде оның әлеуметтік белсенділігі артады, мәдени құндылықтарды өндіріп, таратып, сақтау ісіне қабілетіне сай ат салысады.

**5. Қарым-қатынастық (коммуникативтік) қызметі.** Мәдениеттің басқа қызметтерімен және рәміз, білім жүйелерін өндірумен тығыз байланыста болады. Қарым-қатынас құралдарының ішінде тіл маңызды орын алады. Тіл коммуникация құралы ретінде адамның тікелей қатысуын (айтуын, естуін) қажет ететін болғандықтан да адамдар ұжымы өзара ұйымшыл, бөлінбес бірлікте болады (Т.Ғабитов, Ж.Мүтәліпов, А.Құлсариева. “Мәдениеттану”. Алматы: “Раритет”, 2000 ж. 49 б.) Тіл арқылы адамдар бір-бірін түсінеді, ортақ пікірге келеді, ол адамдардың сұхбаттасуының алғышарты болып табылады.

Қарым-қатынастың келесі бір құралдары – жазу мен мәтін жазуды игеру арқылы адам мәтінді оқиды және сол арқылы өзінен бірнеше ғасыр, тіпті мыңдаған жылдар бұрын өмір сүрген адамдармен тілдеседі, өткен ұрпақтың арман-мұратын, талап-тілегін, тұрмыс-тіршілігін таниды. Мысалы, Орхон-Енисей жазбаларының мән-мағынасын ашу бізге ата-бабаларымыздың рухын, мұң-мұқтажын, тарихын терең түсінуге мүмкіндік берді. Қазіргі қазақ халқының тарихы үшін бұл жазулардың өзектілігі күмән туғызбайды. Адамзат қоғамы дамыған сайын қарым-қатынас құралдары да күрделене береді.

**Мәдениет ұғымы. Мәдениет және өркениет.**

Мәдениеттану ғылымында мәдениет ұғымының 500-ден аса анықтамалары бар екені белгілі. Ғылымда ұзақ уақыт бойы “Мәдениет” ұғымы кең және тар мағынасында қолданылып келді. Кең мағынасында мәдениет дегеніміз – адам мен жануарлардың арасындағы негізгі айырмашылықты білдіреді және адам әрекетінің барлық нәтижелерін қамтиды. Бұл тұрғыда мәдениет қоғам ұғымымен ұласып, астасып кетеді.

Ал тар мағынасында мәдениет тек рухани саламен, рухани құндылықтар аймағымен шектеледі. Мәдениетті осылайша түсіну Цицерон еңбектерінен бастау алады. Ол мәдениетті “Жанды жетілдіру” деп түсінген. Мәдениет сөзінің түпкі төркіні латынның “cultura“, яғни “жерді өңдеу”, “баптау”, “күту” дегенінен бастау алады. Қазақ тіліндегі “мәдениет” ұғымы арабтың “маданият” қала, қалалық сөзінен алынған. Қалай десек те бұл ұғымды адамдық әрекет, адамның табиғи ортаны игеруге бағытталған (бағындыруға емес) талпынысы, танымы мен еңбегінің жемісі (нәтижесі) көрініс тапқан.

Шартты түрде мәдениетті рухани және материалдық деп жіктеу, ал мәдениетті рухани және материалдық құндылықтардың жиынтығы ретінде қарастыру кең таралған қозқарастардың бірі. Осыған сәйкес рухани мәдениетке – рухани өндіріс



өнімдері – дін, ғылым, өнер және т.б., ал материалдық мәдениетке материалдық өндіріс өнімдері – еңбек құрал-жабдықтары, қару-жарақ, киім-кешек, тұрғын үй және т.б. жатады.

Бірақ нақты өмірде мәдениет бөлінбейтін тұтастықта болады. Материалдық мәдениет өсімдеріне адамның ақыл-ойы, арман-мұрат, ізденісі мен талпынысы көрініс табады. Рухани мәдениет өнімдері заттануы үшін материалдық бұйымдар қажет (Мысалы, сурет салу үшін бояу, қағаз және т.б. қажет).

Енді мәдениет ұғымына ғылыми тұрғыда берілген анықтамаларға тоқталып өтейік. Технологиялық тұрғыдан қарастырғанда мәдениет – қоғамдық өмірді өндіру мен ұдайы өндірудің белгілі бір деңгейі. Қоғамда қалыптасқан салт-дәстүрлер, саяси институттар, әлеуметтік қатынастар әрдайым мәдени мұрагерлік арқылы қайта жаңғырып, жаңарып отырады.

Аксиологиялық тұжырымдамаға сай мәдениет – материалдық және рухани құндылықтардың жиынтығы. Бұл көзқарас қоғам өміріндегі идеалды үлгі болуға тиісті нәрсеге басты назар аударады және онда мәдениет болуға тиістінің нақтығы, бар нәрсеге өтуі ретінде қарастырылады. Мысалы, азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет идеялары идеал ретінде қалыптасты. Ал қазіргі заманда ол өмірлік қажеттілікке айналып отыр.

Нормативті анықтама бойынша мәдениет – әлеуметтік орта ықпалымен қалыптасатын жеке адамның өмір салты.

Мәдениетке берілген кез-келген анықтамаларды қарастырғанда төмендегідей жаиттарды есте ұстаған жөн.

1. Мәдениет қоғамның бір бөлігі, саласы емес, оның мәнді құндылық сипаты.
2. Адамсыз мәдениеттің, мәдениетсіз адамның болуы мүмкін емес.
3. Мәдениет мазмұнында адамдық әрекет тәсілі, оның нәтижелері, адамның қалыптасып, дамуындағы олардың маңызы көрініс табады.

Мәдениет ұғымын талдағанда өркениет мәселесі, олардың арақатынасы туралы ой туындайды. Енді ғылымды осыған қатысты пікір тұжырымдарға тоқталайық.

Өркениет термині латын тілінің “civilis” сөзінен бастау алады және азаматтық дегенді білдіреді. Римдіктер бұл ұғымды “варварлықтар” деп өздері атаған, басқа халықтар мен мемлекеттерден айырмашылықтарын көрсету мақсатында қолданған. “Өркениет” олардың түсініктері бойынша азаматтық қоғамы, қалалық мәдениеті, заңға негізделген басқару тәртібі бар Рим империясының даму дәрежесін білдіреді (Т.Ғабитов, Ж.Мүтәліпов, А.Құлсариева, “Мәдениеттану”, Алматы: “Раритет”, 2000 ж. 26 б.).

Яғни өркениет ұғымы бастапқыда азаматтық, мемлекеттік сапалармен белгілерді білдірген. Ұзақ уақыт бойы бұл ұғымдар адамды сипаттау үшін қолданылып келді. XIX ғ. Нағыз мәдениетті адамды, яғни білімді, тәрбиелі адамды өркениетті адамға қарсы қойған. Себебі, өркениеттілік тұлғаның тек сыртқы сипаттарын (мысалы, киім киісі, сән үлгісіне еліктеуі) білдіреді деп саналған. Сондықтан өркениеттілік тұлға туралы толық түсінік бере алмайды. Мәдениет пен өркениет арақатынасын түсінуде екі түрлі бағыт қалыптасқан. Алғашқысына сай, өркениет мәдениеттің соңы, оның күйзеліске ұшырауы. Бұл бағыт француз ойшылы Жан-Жак Руссодан бастау алады және Ф.Ницше, О.Шпенглер, Ж.-П.Сартр және т.б. еңбектерінде өз жалғасын табады.

Аталмыш ойшылдардың тұжырымдарына сай техникалық жетістіктер мен бюрократиялық басқаруға негізделген қазіргі өркениет адам еркіндігіне, шығармашылығына нұқсан келтіреді. Өркениетке деген оптимистік көзқарас Батыс елдерінің техникалық инженерлік сала зиялыларына тән. Олар мәдениеттің алға басуын тек материалдық-техникалық саладағы жетістіктермен байланыстырады. Бұл бағыттың мазмұны У.Ростоу, Р.Арон, Д.Белл еңбектерінде өз көрінісін тапқан. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мәдениет – адамға іштей (имманентті) тән тылсымдық қасиет, ал өркениет – адамның тіршілік етуінің сыртқы алғышарттары деп тұжырымдауға болады.

### **Негізгі ұғымдар.**

Аксиология. Қоғам. Әлеумет. Салт-дәстүр. Мәдениет. Өркениет. Зиялылық. Этнографиялық. Эстетикалық.

### **Өзін-өзі бақылау тапсырмалары:**

#### **1. Мәдениеттану пән ретінде қай ғасырда қалыптасты?**

- A) XIX ғ.
- B) XX ғ.
- C) YII ғ.
- D) IY ғ.
- E) X ғ.

#### **2. Мәдениеттану құрылымындағы екі бағытты көрсетіңіз?**

- A) Саяси және әлеуметтік
- B) Мәдениет теориясы және мәдениет тарихы
- C) Көркемдік және моральдық
- D) Материалдық және діни
- E) Рухани және эстетикалық

#### **3. Мәдениеттану пәні қай ғылым саласына енеді?**

- A) Гуманитарлық ғылым
- B) Жаратылыстану ғылымы
- C) Саясаттану ғылым
- D) Тарих ғылымы
- E) Техникалық ғылым

#### **4. Мәдениет дегеніміз?**

- A) Материалдық және рухани байлықтың жиынтығы
- B) Ғылыми құбылыс
- C) Өркениет
- D) Ғылыми-қоғамдық формация
- E) Адамтану

#### **5. «Культура» термині өз негізін қай тілден алады?**

- A) Орыс
- B) Грек
- C) Латын
- D) Ағылшын
- E) Қазақ

**6. «Культура» термині орыс тілінен аударғанда ...**

- A) Даналықты сүю
- B) Табиғатты сүю
- C) Жақын адамды сүю
- D) Жерді өңдеу
- E) Ойлау заңдылығы

**7. Материалдық мәдениетке жататындар ...**

- A) Материалдық өндіріс өнімдері жатады
- B) Ауыл шаруашылық өнімдері жатады
- C) Үй шаруашылық өнімдері жатады
- D) Табиғат өнімдері жатады
- E) Адам өнімдері жатады

**8. Рухани мәдениетке жататындар ...**

- A) Техникалық өнімдері жатады
- B) Әлеуметтік өнімдері жатады
- C) Табиғат өнімдері жатады
- D) Ауыл шаруашылық өнімдері жатады
- E) Рухани өндіріс өнімдері жатады

**9. Соңғы жылдары мәдениеттану пәніне арнап оқу құралын шығарып жүрген**

...

- A) Ж.А. Алтаев
- B) Т.Х. Ғабитов
- C) Ж.Ж. Молдабеков
- D) М.С. Орынбеков
- E) А.Қ. Қасабеков

**10. Белгілі Ресей ғалымы Б.С. Ерасов қандай саяси құндылықтарды ұсынады?**

- A) Сөз еркіндігі, азаматтық еркіндік, мемлекеттілік, заңдылық, жақсы ел басқарушы, тәртіп, конституция, азаматтық келісім
- B) Әлеуметтік бедел, мәртебе, еңбекқорлық, еңбек, кәсіп
- C) Жақсылық, игілік, махаббат, достық, парыз, ар-намыс
- D) Құдайлық заң, наным, аман қалу, киелі сөз
- E) Әсемдік, әсемділік, идеал, стиль, үйлесімдік

**Жауаптары:**

<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>4</b>	<b>5</b>	<b>6</b>	<b>7</b>	<b>8</b>	<b>9</b>	<b>10</b>
A	B	A	A	C	D	A	E	B	A

**Реферат тақырыптары.**

1. Мәдениеттану ғылымының қалыптасып, дамуы.
2. Мәдениеттану мәдениеттің жалпы теориясы ретінде.
3. Мәдениеттанудың қалыптасу тарихы.
5. XX ғасырдағы мәдениеттанулық бағыттар мен мектептер.
6. XX ғасырдағы ғылымындағы мәдениет пен өркениет мәселесі.

## 2 тақырып. МӘДЕНИЕТ ТЕОРИЯЛАРЫ

1. Б. Малиновскийдің құрылымдық теориясы
2. Э. Кассирердің рәміздік (символдық) теориясы
3. Й. Хейзингтің ойындық теориясы

Мәдениет мәселелері бүгінгі күні барлық елдердің философтары мен этнографтарын, антропологтарын мен әлеуметтанушыларын ойландырып отыр. Мәдениетті зерттеудегі бағыттар мен теориялық тұжырымдардың көптігі мәдениет ұғымымен белгіленген құбылыстардың көпмағыналы сипатымен байланысты.

Қазіргі шетелдік қоғамдық ғылымда мәдениет мәселелері философияның, әлеуметтанудың, теориялық этнологияның құрамдас бір бөлігі ретінде қаралып келсе, мәдениеттану ғылымының қалыптасып, дамуы барысында мәдениет теориясы жеке – дара пән ретінде бөліп қарастырыла бастады.

Енді шетелдерде алдыңғы қатарға шығып отырған мәдениет теориясы мәселелеріне көңіл аударайық. Алдымен мәдениет және адам қажеттіліктері, мәдениет және адамның табиғи бастауы арақатынасы мәселесін қарастыратын Б.Малиновскийдің құрылымдық теориясына тоқталайық. Содан соң бүгінгі күннің маңызды мәселелерінің бірі мәдениет және коммуникация мәселесіне, оның Э.Кассирер еңбектерінде қандай шешім тапқандығына тоқталайық.

Батыс мәдениеттануында ХІХ ғасырдың соңында мәдениетті адамның биологиялық табиғатына саюға тырысқан, оны қоршаған ортаға тікелей бейімделу ретінде көрсетуге талпынатын тұжырымдар кең таралды. Бұл идеялар социал-дарвинизммен, адам және қоғам туралы натуралистік көзқарастармен тығыз байланысты. Гальтон, Спенсер және т.б. биологиялық редуцианизм өкілдерінің әсері Б.Малиновскийдің теориясында және фрейдизмде қатты байқалады.

Қазіргі кезде бұл идеялардың көрнекті өкілдері (жақтаушылары) Конрад Лоренц және Десмонд Моррис. Олардың шығармалары адам мен жануарлар әрекетіндегі ұқсастықтарды зерттеуге негізделген. Д.Моррис "Голая обезьяна. Взгляд зоолога на человека" атты кітабында әлеуметтік ұйым формалары, дін, ғылыми зерттеулер және т.б. көптеген мәдени әрекет түрлері биологиялық мотивтермен байланысты, адамның жануар – тектес ата-бабаларынан мұраланған деген қорытындыға келеді.

Әрине, жануар мен адам әрекетінде белгілі бір ұқсастық барын, оларды салыстырмалы зерттеудің қажеттілігін жоққа шығаруға болмас. Бірақ адамның әлеуметтік-мәдени табиғатын естен шығармауымыз керек.

Бұл кітаптардың көп таралуын тек К.Лоренц пен Морристің беделімен түсіндіру жеткіліксіз. Әрине, бұл авторлар жануарлар әрекетін зерттеген еңбектері мен танымал. Істің мәнісі бұл идеялардың өңделген топыраққа түсуінде. ХХ ғасырдың 30-жылдарында Фрейдизм Батыс Еуропада кең таралды. Тіпті бүгінге дейін өз ықпалын жоғалтқан жоқ. Мәдениетті адам табиғатымен анықталатын құбылыс ретінде түсіну соңғы жылдардағы мәдениеттанулық әдебиетте де бой көрсетіп қалады. Оның мәні Б.Малиновскийдің және оның ізбасарларының мәдениет тұжырымдарын қарастырған кезде анық көрінеді.

Мәдениетті зерттеудегі құрымдық бағыт ХХ ғасырдың 30-шы жылдарында пайда болды. Мәдениеттің қоғамға қатысты қызметтері туралы мәселені алдымен этнографтар, ал олардың ізінше әлеуметтанушылар көтерді. Ғалымдардың алғашқыларының бірі болып мәдениеттің тұтастығына көңіл аударған және одан теориялық, методологиялық қорытынды жасағандардың бірі – Б.Малиновский (1884-1942). Ол Краковта туып, герман университеттерінде білім алған, кейінен Лондонда тұрған.

Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде Океания аралдарына жер айдалған. Соғыс жылдарын ол алыс Тробрианд аралдарында өткізді. Б.Малиновский осы арал тұрғындарының салт-дәстүрін, тұрмысын зерттеуде ХІХ ғ. этнографтары кең қолданған тәсілдерден бас тартты. Б.Малиновский жергілікті тұрғындар сияқты өмір сүреді. Олармен бірге аңға, балық аулауға шығып, солардың істеген жұмысын істейді, тілдерін үйреніп, еуропалық әдеттерден бас тартады (мысалы, ол шылым шегуден бас тартады, өйткені бұл дағды жергілікті халық тарапынан сенімсіздік тудыруы мүмкін). Міне осындай интенсивті далалық тәсілдерді қолдану нәтижесінде Малиновский Тробрианд аралдары тұрғындарының, мәдениетін терең түсіне білді. Бұған дейін басқа халықтардың тұрмысын зерттеуде Еуропа ғалымдары мұндай жетістіктерге қол жеткізе алмаған еді.

Соғыстан соң ол Англияға қайтып оралып бірнеше көлемді шығармалар жазды. 1934 ж. Африкаға сапар шекті. Кейін ол өзінің практикалық білімдерін жалпы ауқымды теория жасау үшін қолданды. Бұл теория құрымдық деп аталады. Малиновский теориясы мәдениет – адам табиғатының талаптарынан туындайтын белгілі бір тұтастық және осы талаптарға берілген жауап дегеннен бастау алады. Малиновский үшін бастысы қажеттіліктер, өйткені Малиновскийдің пікірінде, барлық мәдени құбылыстар қажеттіліктерден туындайды.

Малиновский қажеттіліктерді үш топқа бөледі. Ең алдымен бұл түпкілікті қажеттіліктер, сонан соң туынды қажеттіліктер, ақырында интегративті қажеттіліктер. Малиновский ең бастысы түпкілікті қажеттіліктер деп санады. Түпкілікті қажеттіліктер қатарына, ол ұрпақ жалғастығын, азық-түлік, тұрғын үй және т.б. қажеттіліктерді жатқызады. Осы қажеттіліктердің әр қайсысына жауап ретінде мәдениеттің белгілі бір құбылысы пайда болады. Мысалы, ұрпақ жалғастығына мәдени жауап – неке мен отбасының бітімдері мен туысқандық жүйесі. Басқа бір қажеттілікті Малиновский даму деп санады, ал оған мәдени жауап-білім және тәрбие беру мен үйрету. Түпкілікті қажеттіліктердің қатарына мысалы: тәндік қолайлықтарды да жатқызады, ал оларға жауап ретінде тұрғын үй пайда болады. Осындай түпкілікті қажеттіліктер, Малиновскийдің пікірінше негізгілер болып табылады. Өйткені олар мәдениеттің ядросын құрайтын тұтас бір мәдени құбылыстар қатарына бастау береді.

Түпкілікті қажеттіліктермен қатар Малиновский басқа бір қажеттіліктер түріне де көңіл аударып, оларды туынды қажеттіліктер деп атады. Еңбек құралдарын әрдайым жасауды, оларды жаңартып отыруды Малиновский туынды қажеттіліктерге жатқызады. Қоғамның экономикалық жүйесі, шаруашылық типі және т.б. осы қажеттілікке жауап болып табылады.

Соңында Малиновский қажеттіліктердің үшінші тобын – интегративті қажеттіліктерді атап көрсетеді. Бұл топтасуға, ұйымдасуға, беделге деген қажеттілік.

Бұл қажеттіліктер тобына мәдени жауап ретінде қоғамның саяси саласы тіл, магия сияқты мәдени құбылыстар туындайды. Б.Малиновскийдің оларды интегративті деп атау себебі мынада. Олар адамдарды топтастырады, оларды бір әлеуметтік тұтастыққа біріктіреді немесе осы интеграцияға мүмкіндік жасайды.

Б.Малиновскийдің түпкілікті қажеттіліктерді негізгілер ретінде бөліп қарастыруыда тегін емес, өйткені олар адам табиғатының биологиялық мұқтаждықтарына жауап береді. Б.Малиновский дәл соларды негізгілер деп санады, өйткені олар адамның биологиялық табиғатымен байланысты.

Малиновский үшін бұл қажеттіліктердің маңызы өте зор, өйткені олар қажеттіліктер жүйесінде басты орын алады. Сондықтан біз Малиновскийдің теориясын негізгі қажеттіліктер теориясы деп атауымызға болады.

Малиновскийдің басты идеясы мәдени құбылыстар адамның биологиялық табиғатынан туындайтын мұқтаждықтарға берілген тікелей жауап дегенге келіп саяды.

Адам шын мәнінде жануар, сондықтан – оның бірінші шешетін мәселесі – бұл қарапайым биологиялық қажеттіліктерді қанағаттандыру. Осыдан келіп Малиновский мәдениет құрылымы ұғымын шығарады: Адам әрекетінің негізгі және қарапайым мақсаты органикалық импульсті қанағаттандыру, белгілі бір мөлшерде және мағынада мәдениет – табиғаттың адамға қойған талабына жауап. Сондықтан Малиновскиймен бұл жерде келісуге болады.

Бірақ Малиновский адамның биологиялық табиғатымен мәдениет арасындағы байланысты тым қарапайым, бір жақты түсінеді. Малиновский осындай әрбір мұқтаждыққа белгілі бір мәдени құбылыс сай келеді деп санайды. Сөйтіп ол мәдениетті бірнеше сегменттерге бөлді, олардың әрқайсысы Малиновскийдің пікірінше адамның биологиялық табиғатының белгілі бір қажеттілігімен байланысты.

Сонымен қатар Малиновский мәдениеттің тұтастығын атап көрсетеді. Мәдени құбылыстардың өзара байланыстылығы, мәдениеттегі оның әрбір элементін, мәдени жүйеден тыс түсінуге немесе оның мәдениет сияқты, функциональды тұтастықтағы орынын елемеуге болмайтындығы туралы Малиновскийдің ойлары Малиновский функционализмінің басым жақтарын көрсетеді.

Бірақ ол үшін мәдениеттің бірлігі, мәдениеттегінің барлығының адамның биологиялық немесе басқа да табиғатының мұқтаждықтарына жауап беретіндігімен байланысты.

Мәдениет адам қажеттіліктеріне берілген жауап, бірақ ол жанама жауап. Әлеуметтік, мәдени жүйемен байланысты адам қажеттіліктеріне берілетін жауап та әртүрлі болуы мүмкін.

Мынандай мысал келтірейік. Ұрпақ жалғастығын алып қарайық, бұл биологиялық қажеттілік. Ол оған берілген жауаптың отбасы, туысқандық, туысқандық жүйесі екендігі рас.

Бірақ әр түрлі қоғамда бұл қажеттілікке әр түрлі жауап беріледі, өйткені әлеуметтік мәдени қарым-қатынастарға байланысты әртүрлі отбасы типтері, туыстық жүйелері бар.

Мысалы, целибат принципі (дінбасылардың некесіздік принципі). Целибат адам табиғатына жат екендігіне қарамастан, тарихи жағдайлардың маңыздылығы

алғы қатарға шықты, сөйтіп биологиялық табиғат талабы қабылданбады. Сондықтан, мәдениеттің адам табиғатының мұқтаждықтарына берген жауаптарын қарастырған кезде тарихи дамудың, тарихи жағдайдың және мәдени жүенің күрделілігін естен шығармау керек.

Малиновскийдің еңбектері этнографияның дамуындағы ілгері қадам болды, өйткені оларда мәдениет құрымдық тұтастық ретінде қаралды, этнографиялық суреттеуде жетістіктерге қол жеткізілді. Этнографиядағы Б.Малиновский негізін қалаған далалық зерттеу тәсілдері кең қолданыс тапты. Малиновский мәдени құбылыстардың әлеуметтік себептеріне де көңіл бөледі. Ол қазіргі өркениеттің батыстану (вестернизация) процесіне тоқталып, оның қайшылықтары туралы сөз қозғайды.

Енді мәдениеттанудағы мәдениет және коммуникация мәселелерін қарастырайық. Қазіргі дәуір ғылым, өнер, саясат және т.б. салалардағы ақпарат ағымымен сипатталады. Қазіргі біздің қоғамдастығымыз, қоғам өмірі, адамдар арасындағы қарым-қатынас құралдар сипатына байланысты. Осыған байланысты коммуникативті жүйелердің әлеуметтік құрымдардың маңызы артып отыр. Ғылымда математикалық рәміздер (символдар) кең қолданылуда. Әртүрлі кодтарды пайдаланатын техникалық жабдықтар көбеюде. Бұл заңды процестер адамзаттың әлеуметтік және ғылыми-техникалық прогресінің көрінісі болып табылады. Оның негізінде объективті құбылыстар: әлемнің экономикалық интеграциялануы, жалпы нарық маңызының артуы, мәдени қарым-қатынастардың дамуы және т.б. жатыр.

Қалыптасып келе жатқан постиндустриялық қоғам үшін автоматика мен коммуникация арасындағы өзара байланыстың теориялық аспектінің маңызы ерекше. Американдық автоматика және техникалық ақпарат маманы Дж. Диболд: "Автоматика адамдардың өмірінде, XVIII-XIX ғ. өнеркәсіп төңкерісімен теңдес төңкеріс жасайды" –деп жазды. Оны Диболд ақпараттық революция деп атады.

Ақпараттық революцияның нәтижесінде әрбір адамның және бүкіл адамзаттың өмірінде орасан зор өзгерістер болады және болып та жатыр дейді Диболд. Адам, егер ол осы түбегейлі, бұрын-соңды болмаған өзгерістер ағымында нық тұрам десе, қазірдің өзінде техниканы игерудің психологиялық, рухани, философиялық алғышарттарын жасау керек.

Өз пікірінде Диболд жалғыз емес. XX ғ. 40-50 жж. көптеген ғалымдар мәдениеттің негізі ретінде адамзаттың жан-жақты, жүйелі және тұрақты рәміздеулік (символизациялауға) қабілетін ерекше атап көрсететін болды.

Қазіргі кездегі мәдениеттің рәміздік теориялардың басым көпшілігі Канттан бастау алады. Оның пікірінше адам объективті шындыққа сай келмейтін құбылыстар әлемінде өмір сүреді және соңғылары бастапқының рәміздері болып табылады. Канттың пайымдауында адам да табиғат сияқты өзіндік зат.

Неокантшылдардың арасында мәдениеттің рәміздік теориясын дәйекті түрде қастырған Э.Кассирер болды (1874-1944). Ол Германия университетінде білім алып, кейіннен оқытушы болып қызмет істеген. Гитлер өкімет басына келген соң АҚШ-қа қоныс аударып, сонда тұрып қайтыс болған. Оның негізгі көпке танымал еңбегі "Рәміздік формалар философиясы" және "Адам туралы очерк" –деп аталады (XXғ. 20 ж. соңы – 30-шы жылдардың басында жарық көрген.)

Егер Малиновский мәдениетті адамның биологиялық қажеттіліктеріне, ал Фрейд және оның ізбасарлары мәдениетті индивидтің сыртқы ортаға бағытталған биологиялық импульстеріне проекциялауға саю арқылы түсіндіруге тырысса, Кассирердің назары адамның биологиялықтан тыс қасиеттеріне ауды. Қассирер үшін адамның төменгі, биологиялықпен байланысты, қарапайым біржақты болмыс ретінде табиғаты жоқ. Көптеген ағымдарға тән бұл ойды испан философы Ортега-и-Гассет былай деп тұжырымдайды: “Адамның табиғаты жоқ, оның тарихы ғана бар”. Адам әрқашан қоршаған орта мен өзінің ішкі дүниесін білуге, тануға құмартып келеді. Оның еркіндігі, шығармашылығы, қоршаған ортамен қарым-қатынасы адамды сипаттауда қажеттіліктер мен инстинктілерге қарағанда маңызды болып келеді. Мәдениет адамның мұқтаждықтарға жауабы ретінде емес, өзара түсінісу, қарым-қатынас құралы ретіндегі коммуникация қажеттілігіне жауап ретінде пайда болады. Яғни мәдениетте заттар мен психикалық күштер маңызды емес. Адам мәдениетінің сипаты мен зерделік, моральдық құндылықтары оның табиғатына емес, рухани бітіміне байланысты және содан бастау алады.

Кассирер пайымдауында барлық тіршілік иелерінде рецепторлық және эффекторлық жүйелер бар. Рецепторлық жүйе арқылы биологиялық түр сыртқы стимулдарда қабылдайды, эффекторлық жүйе арқылы оларға жауап береді, олар бір-бірімен тығыз байланысты, бір функциональдық тізбектің бөлімдері болып табылады. Осындай механизмдер адамға да тән, бірақ оның тек адамға ғана тән сипаты бар. Адамдағы бұл құрылымдық тізбек тек кеңейіп қана қойған жоқ, ол сапалық өзгерістерге ұшырады. Адам қоршаған ортаға бейімделудің жаңа тәсілдерін ойлап тапты. Жалпы барлық тіршілік иелеріне тән рецепторлық және эффекторлық жүйелер аралығында, адамда үшінші тізбек тұр. Оны рәміздік тізбек деп атауға болады. Адам жануармен салыстырғанда тек болмыста ғана емес, болмыстың жаңа өлшемінде өмір сүреді. Сондықтан органикалық реакциялар мен адам жауаптарының арасындағы айырмашылық күмәнсіз. Бірінші жағдайда жауап тікелей берілсе, екіншіде жауап күрделі ойлау процесімен байланысты болады.

Адам енді тек физикалық кеңістікте емес, ол рәміздік кеңістікте өмір сүреді. Тіл, миф, өнер, дін – осы кеңістіктің бөліктері.

Кассирер үшін ендігі жеоде адам тек рационалды жануар емес, рәміздік жануар. Бұл анықтама адамның өзіндік ерекшеліктерін, оған ашылған мәдени шығармашылық болашағының мүмкіндігін түсінуге мүмкіндік береді.

Осындай қағидаларға сүйене отырып Кассирер өз еңбектерінде миф пен дінді, тілді, өнерді, ғылымды қарастырады. Кассирерге сәйкес бұлардың бәрі – рәміздік формалар. Оларды игеру адамды адам етеді. Рәміздердің мән-мағынасын ашу этномәдениеттердің сырын түсіну үшін өте маңызды. Бірақ мәдениеттің маңызды жағы материалдық өндіріс Кассирердің назарынан тыс қалып қалды.

Мәдениет адам туындысы, ал адам санасы, ерік-жігері, эмоциялары, интеллектісі арқылы жасалады. Бұл тұрғыда Кассирердікі дұрыс. Бірақ мәдениетті символдарға теңейтін, ал оның қызметін тек коммуникация мен символизацияға саятын бір жақты ұғыммен келісуге болмайды.

Мәдениетті тек рәміздік формалардың жиынтығы деп қарастырумен шектелуге болмайды. Тіл, әрине, адам тірлігімен байланысты және оның барлық құбылыстарын қамтиды. Сонымен қатар мәдениеттің негізі тек тіл мен қарым-



қатынас қана емес. Шын мәнінде мәдениеттің негізі адам мен қоғамның пәндік – практикалық әрекеті.

Қоғамдық-тарихи тәжірибе барысында мәдени құндылықтар жасалады. Бұл құндылықтар қоғамдық адамның қоршаған орта мен қарым-қатынасының жемісі. Идеялар, еңбек тәсілдері, көркем образдар және т.б. коммуникативтік жүйелердің әсерінен тыс емес. Бірақ олардың өзіндік мәні бар, олар адамның биологиялық, рухани қажеттіліктерін қамтамасыз етеді.

Мәдениет дамуындағы адамның табиғи компонентінің де ролін теріске шығаруға болмайды.

Адам да тірі жан. Мәдениет оның биологиялық тіршілігін жеңілдететін маңызды құрал болып табылады және оны нағыз адамдық дәрежеге көтереді. Адамдағы табиғи бастау ешқашан өзгеріссіз қалмайды, онда әрқашан тарихи дәуірдің, этностың қолтаңбасы көрініс табады. Сондықтан Ортега-и-Гассеттің «Адамның табиғаты жоқ, оның тарихы ғана бар» деген сөзін, былай деп түзетуге болады: адамның тарих өзгерпеген табиғаты жоқ.

Таңбалар, рәміздер және басқада рәміздік формалар мәдени құбылыстардың басым көпшілігін құрағанмен олар мәдениеттің негізі болып табылмайды. Дұрысырақ айтсақ мәдениеттің барлық мәнін оларға әкеп сауға болмайды. Қазіргі кезде қоғамдық өмірдегі тілдің маңызы күмән туғызбас. Бірақ одан басқада маңызды коммуникативтік жүйелер бар екенін мойындауымыз керек.

Рәміздер арасында адам эмоциясынан тыс таңбалар да кездеседі. Осыған орай олардың шартты – функциональдық мағынасы айқын көрінеді (мысалы: жол белгілер, Морзе әліппесі, алфавит). Сонымен қатар маңызды қоғамдық және жеке тұлғалық құндылықтармен байланысты таңбалар мен рәміздер де жоқ емес. Американдық рәміз (символизм) зерттеушісі Л.Берталанфи, оларды экзистенциальдық рәміздер деп атауға ұсынды (мысалы: саяси, рухани лидерлердің есімдері мен портреттері, салт-дәстүрлер, ақша, ордендер және т.б. символикалық сипаты бар).

Э.Кассирердің рәміздік теориясы мәдениеттанушыларды жеке адам мен қоғам өміріндегі рәміздердің ролін жан-жақты зерттеп, олардың сан-алуан қырларын ашуға жетеледі.

Мәдениет теорияларын талдауымызды ХХ ғ. мәдениеттануында көптеген пікір-таластар, қызығушылық пен түсінбеушілік тудырған мәдениеттің ойындық тұжырымдарын қарастырумен аяқтайық.

Мәдениеттің қызықты да күрделі, терең түсінуді талап ететін бір қыры – ойын. Ойын әлеуметтік қатынастың ерекше бітімі. Ойын барысында адам күнделікті тұрмыстан өзгеше шындық аясына өтеді. Оның маңызын тек шаршаған жүйкені тынықтыруға, көңіл көтеруге әкеп сауға болмайды. Ойында адамның жасампаздығы, еркін әрекеті іске асады. Ол адами қарым-қатынастың ерекше атмосферасын, адамның қоршаған әлеуметтік және табиғи ортаға деген ерекше ықыласын қалыптастырады. Ойынның осы қырлары антик заманнан бері ойшылдарды өзіне тартып келеді. Платон өз еңбектерінде ойындық ғарыш туралы сөз қозғаса, неміс ойшылдары Кант пен Шиллер ойынның эстетикалық табиғатына тоқталады. Ал белгілі голландиялық мәдениеттанушы Й.Хейзинг ойында адамның мәндік қасиеттері көрініс табады деп санайды. Й.Хейзингтың тұжырымына сай

мәдениет – “ойын адамының” өнімі. Өзінің “Ойын адамы” (“Человек играющий”) атты еңбегінде Хейзинг тарихтың ерте бастауларында мәдениет пен ойын бара бар болды, мәдениет ойында ойын ретінде өрбіді. Архайкалық мәдениет ойындық бастауларға толы болды деп атап көрсетеді. Поэзия ойын аясында пайда болды және ойын бітімдерінде өз жалғасын тапты. Музыка мен биге толығымен ойындық сипат тән. Даналық пен білімсөз өнерін сынауда көрініс тапты. Сөйтіп, Хейзинг мәдениет өзінің көне бітімдерінде “ойыналады” деген сенімде болды. Яғни мәдениет жеміс сияқты ойында пісіп жетіледі, ойында ойын ретінде дамиды. Ойындық бастаулар мен ойындық элементтер мәдениеттің көптеген салаларын қамтиды. Олар өнер мен этномәдени дәстүрлерде, әртүрлі сайыстарда жиі ұшарасады. Ойын бұл құбылыстарда құрылым құрастырушы бастау болып табылады.

Й.Хейзингтың мәдениетті ойындық тұрғыдан қарастыруында мәдениет болмысының нақты мәндері айқындалады. Ойындық элементтер адамның әлеуметтік жан ретінде қалыптасуында, қоғамдағы әлеуметтік-психологиялық кернеуді залалсыздандыруда, адам бойындағы соқыр күштер мен қуатты, сезімдер мен құмарлықтарды сыртқа шығару арқылы адами қатынастарды жұмсартуда маңызды орын алады. Ойындық-карнавалдық мәдениеттің бұл қырын орыс ғалымы М.М.Бахтин өз еңбектерінде атап көрсетеді.

Қазіргі заман мәдениетіндегі дағдарыстық көріністер мен тоқырады Й.Хейзинг ойындық бастаулардың сарқылуымен түсіндіреді. ХҮІІІ ғ. басталған ойынның мәдениеттен ығыстырылуы ХІХ ғ. аяқталып болды. Ойын енді өндірістік тұрғыда ұйымдастырылған сәуегейлік сипатқа ие болды. Ойын кәсіби іске, пайданың көзіне айналды. Бұл ойынды руханилықтан жұрдай етеді. Қазіргі адам ойын мен маңызды нәрсенің аражігін айқын аша алмайды, маңызды нәрсе ойынға, ойын маңызды нәрсеге айналады. Бұл құбылысты Хейзинг “пцелиризм” ұғымы арқылы бейнелейді. Пцелиризм ойындық санаға қарама-қарсы, онда балалықтың дәрежелігі мен төзімсіздігі, өзіндік айқындалмағандық пен тәуелділік көрініс табады.

Й.Хейзингтың тұжырымы ғылыми-теориялық сипатта болмағанымен, ол мәдениеттанудың дамуына үлкен ықпал етті. Мәдениеттанушылардың назарын мәдениеттің ойындық аспектілерін зерттеуге аударды.

### **Негізгі ұғымдар.**

Натурализм. Биологиялық редуцианизм. Қажеттіліктер. Мәдени рәміздер. Коммуникация. Ойын. Пцелиризм.

### **Өзін-өзі бақылау тапсырмалары.**

#### **1. Дұрыс тұжырымды таңдаңыз:**

- A) Мәдениеттану – адамның қоғамдық іс-әрекетінің зерттейтін ғылым
- B) Мәдениеттану – табиғат пен қоғам туралы ғылым жүйесі.
- C) Мәдениеттану – жаратылыстану саласының ілімі.
- D) Мәдениеттану – әлемнің біртектілігін зерттейтін ғылым.
- E) Мәдениеттану – космос дамуының өте жалпы заңдары туралы ғылым.

#### **2. Мифология дегеніміз не?**

- A) Ғылым
- B) Дүниетанымның тарихи типі

- C) Дін
- D) Философия
- E) Өнер

**3. Әлемнің жеті құдіретін көрсетіңіз?**

- A) Семирамида аспалы бағы
- B) В.И.Ленин мавзолейі
- C) Алтын адам
- D) Х.А.Яссауи мавзолейі
- E) Домалақ ана кесенесі

**4. Фетишизм дегеніміз не?**

- A) Табиғаттан тыс заттарға сену
- B) Ғылыми бағыттар
- C) Қазіргі өмір көзқарасы
- D) Мифология
- E) Дін

**5. Анимизм – деп ...**

- A) Аспан құдіретіне сиыну
- B) Адамды құдай деп тану
- C) Табиғатты жандандыру
- D) Медициналық термин
- E) Ғылыми бағыттар

**6. Тотемизм – деп ...**

- A) Дін
- B) Жарық дүниеге табыну
- C) Суға табыну
- D) Отқа табыну
- E) Табиғат пен адам арасында жақындастық

**7. Египеттің бас құдайы?**

- A) Күн құдайы Ра
- B) Осирис
- C) Исида
- D) Монту
- E) Иса

**8. Ертедүниежүзіндегі діннің отаны (зороастризм) қай ел?**

- A) Египет
- B) Греция
- C) Рим
- D) Қытай
- E) Иран

**9. Пирамида – деп**

- A) Фараонның әйелінің сарайын
- B) Фараонның қабірін
- C) Мемлекет символы ретінде
- D) Дұға оқитын храмдарын

## 10. Архайкалық мәдениет – деп қай кезеңді атайды?

- A) Алғашқы қауымдағы мәдениет
- B) Халық ағарту дәуіріндегі мәдениет
- C) Қайта өркендеу дәуіріндегі мәдениет
- D) Бүгінгі күнгі мәдениет

### Жауаптары:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
A	B	A	A	C	D	A	E	B	A

### Реферат тақырыптары.

1. Мәдениеттанудағы натуралистік бағыт.
2. Мәдени рәміздердің мәні.
3. Өнер туындыларындағы рәмізділік-мәдениеттанулық талдау.
4. Қазақ мәдениетіндегі ойындық бастаулар.
5. Құндылықтар әлемі: классификациясы мен эволюциясы.
6. Мәдениет және қоғам.

## 3 тақырып. МӘДЕНИЕТТЕР ТИПОЛОГИЯСЫ

1. Мәдениеттер типологиясы ұғымы
2. Мәдениет динамикасының негізгі теориялары
3. Гегельдің мәдениет тұжырымы
4. П. Сорокиннің мәдени жүйелер ілімі
5. О. Шпенглер мен А. Тойнбидің мәдениет тұжырымдары

Біз өткен дәрістерімізде мәдениет ұғымын және осы ұғым арқылы берілетін, онымен тығыз байланысты құбылыстарды қарастырдық. Мәдениет генезисін түсіндіретін бірқатар теорияларға тоқталып өттік. Енді мәдениеттердің даму процестерін талдауға көшейік.

Жер бетінде 200-ден аса мемлекеттердің бар екені және бұл мемлекеттерде жүздеген халықтар мен этникалық топтардың өкілдері тұратыны мәлім. Бұл халықтардың тілі мен салт-дәстүрлерінде қаншама ұқсастық бар болса, соншама айырмашылық та бар. Сондықтан әлемде бір-бірін дәлме-дәл қайталайтын мәдениеттерді кездестіру мүмкін емес. Осыған орай мынандай заңды сұрақ туады. Осынша көп мәдениеттерді байланыстыратын, топтастыруға мүмкіндік беретін бір негіздер бар ма? Бар болса, ол қандай негіздер? Міне осы сұрақтар мәдениет типологиясының зерттеу объектілері болып табылады.

Типология деп қазіргі ғылыми әдебиетте зерттеу объектілерін жалпылама модель көмегімен талдау, сұрыптау, жинақтау әдістері мен тәсілдерін айтады (қар. Т.Х.Габитов “Мәдениеттануға кіріспе”. Алматы: Санат, 1995. 21 б.). Типология ғылымда әртүрлі құбылыстардың типтік ерекшеліктерін ашу мақсатында қолданылады (мысалы, құқықтану, саясаттану ғылымдарында мемлекет пен басқару типін анықтау үшін, жаратылыстануда элементтер мен минералдарды, өсімдіктер мен жан-жануарларды сұрыптау мақсатында және т.б.).

Мәдениеттануда мәдениеттерді төмендегідей топтастыруға болады:

1. Дүниетанымдық негізде: Шығыстық және Батыстық мәдениеттер.
2. Діни наным-сенім негізінде: Үнді-буддалық, христиандық, исламдық мәдениеттер.
3. Шаруашылық-мәдени тип негізінде: Отырықшы және көшпелі мәдениеттер.
4. Дәстүрге қатынасына байланысты: Инновациялық және дәстүрлі мәдениеттер.
5. Өндірістік күштер мен өндірістік қатынастардың күрделенуіне, техника мен технологияның жетілуіне байланысты: Аграрлық, индустриялық, ақпараттық қоғам мәдениеттері.
6. Хронологиялық негізде: Алғашқы қауымдық құрылыс, антикалық дәуір, орта ғасырлар, жаңа дәуір, қазіргі заман мәдениеттері. Мәдениеттерді сұрыптаудың басқа да көптеген негіздері бар. Енді мәдениеттің даму процесіне тоқталайық.

Мәдениет қандай заңдылықтарға сай дамиды. Осы сұраққа жауап беру барысында ғылымда үш альтернативті мәдениет теориясы қалыптасты. 1). Бір бағытты эволюциялық даму теориясы. Бұл теорияның қалыптасуына Ч.Дарвиннің эволюциялық идеялары зор әсер етті және оған сәйкес барлық қоғам ұқсас мәдени даму сатыларынан өтеді. Бұл теория қоғам мен мәдениеттің жалпыға бірдей логикасын ашуға талпынады, сондықтан әрбір мәдениеттің өзіндік ерекшеліктерін жеткілікті дәрежеде ескере бермейді. 2). Мәдени релятивизм (мәдениет дамуының циклдық теориясы) теориясы. Бұл теория өкілдері әрбір мәдениеттің тек өзіне ғана тән даму жолы бар деп санайды. Осыған орай олар мәдениеттердің индивидуальды сипаттарын зерттеу керек деген қағиданы басшылыққа алады. Сондықтан мәдениеттің заңдылықтарын рациональді жолмен, механикалық себеп-салдар арқылы түсіну мүмкін емес, оны тек иррациональді жолмен, яғни олардың бастапқы күдіретті себепін мистикалық пайымдау арқылы ғана қабылдауға болады. 3). Көпфакторлы мәдени даму теориясы. Бұл теорияға сәйкес ұқсас жағдайларда мәдени типтер бірдей жолмен дамуы мүмкін, алайда мәдениеттердің ұқсастығы тым аз және бұл ұқсастық мәдениет компоненттерінің тек кейбіреулеріне ғана тән. Мәдениет көптеген құрылымдардан тұрады және олардың барлығы мәдениет дамуында бірдей орын алады. Сондықтан оларды ішіндегі біреуін ерекше маңызды деу дұрыс емес. Мысалы француз структуралистері экономиканы мәдениет дамуындағы анықтаушы фактор деп қарастырмайды. Олардың пікірінше әрбір қоғамға оның мәдениетімен және осы мәдениеттің негізінде жатқан құрлым құраушы элементпен байланысты ерекше детерминизм тән. Бұл көзқарас бойынша мәдениет дамуын белгілі бір жеке элементтерді бөліп қарастыру барысында емес, жалпы құрылымды жүйе әрекетін тұтас қарастыру арқылы ғана түсінуге болады. Бұл жерде Маркстік теорияны қабылдамау бірден көзге түседі. Маркстік тұжырым бойынша экономикалық базистің дамуы бүкіл қондырманың, соның ішінде мәдениеттің де дамуын айқындайды.

Бірақ экономиканың қоғам дамуындағы рөлі қаншама зор болғанменде қоғамның рухани сферасының өзіне ғана тән ерекшеліктері бар екенін жоққа шығару дұрыс емес (XIX ғ. Ресей мен Еуропа елдерінің экономикалық дамуында жер мен көктей айырмашылық бар. Бірақ мұнан Ресейдің мәдени дамуы кешеуілдеп қалды деген пікір тумаса керек. Бұл айтқанымыз басқа елдердің мәдениетіне де қатысты). Мәдениет дамуында дәуір стилі, адамдардың дүниетанымы, рухани ізденістері мен ұмтылыстары үлкен рөл атқарады.

1944 ж. Американ мәдениеттанушысы А.Кребер әртүрлі қоғамдардың мәдени дамудың жоғары сатысына қандай жолмен жеткендігін анықтауды мақсат етті. Көптеген деректер мен фактыларды салыстырып зерттеудің нәтижесінде ол төмендегідей қорытындыға келді. Кез кеген мәдениеттің негізінде бір үлгі (модель) жатыр. Бұл үлгі өзгере отырып, өзіне тек өзінің сипаты мен ерекшелігіне тән нәрселерді ғана қабылдайды (мысалы, халықтар өздерінің тұрмыс-тіршілігі мен рухани-ментальдылығына тән дінді ғана қабылдайды). Уақыт өте мәдени үлгі өзінің мүмкіндіктерін сарқиды және сондықтан енді ол адам әрекетінің жаңа аймақтары мен салаларына әсер ете алмайды. Сонда мәдениеттің алға басуы ескіні қайталаумен, регреспен, құлдырау кезеңімен алмасады. Сөйтіп соңында ескірген мәдени үлгі құриды. Алайда, мәдениеттің ақыры оның мүлдем жойылатындығын білдірмейді, өйткені ескі мәдени үлгінің аясында жаңасы қалыптасады. Кребер зерттеулерінде көптеген тың пікірлер айтқанмен, ол мәдени үлгілердің қалай пайда болатынын, олардың ауысу себептері мен тіршілік ету ұзақтығы туралы мәселелерді жауапсыз қалдырды.

Бірқатар зерттеушілер (Ф.Нортроп, П.Сорокин) мәдени типтердің пайда болу заңдылықтарын және осы типтің өзінділігін анықтайтын басты элементті анықтауға талпынды. Ф.Нортроп мәдени типті анықтауға негіз ретінде таным формалары мен тәсілдерін алды. Осының негізінде ол екі мәдени типті – Шығыстық және Батыстық типтерді ажыратты. Шығысты типтің дүниетанымы интуитивтілікпен, эмоциялықпен сипатталады. Ал батыстық типке рационализм, теориялық формадағы таным тән. Алғашқы мәдени тип техникасыз өркениеттің негізін қалайды. Бұл өркениетте уақыт нақтылы тұйықталған цикл ретінде қабылданады. Сондықтан шығыс мәдениеттерінде рухтың көшіп-қонуы тұжырымдары және табиғатпен тіл табысу сарындары кең тараған. Мәдениеттің екінші типі техникалық өркениетті қалыптастырады. Бұл тип ғылымның қарқынды дамуымен және адам құқы, демократия, мүмкіндіктер тендігі сияқты идеялардың кең таралуымен сипатталады.

**Гегельдің мәдениет тұжырымы.** Дүниежүзілік тарих пен мәдениеттер дамуын идеалистік философия тұрғысынан жан жақты қарастыруға қадам жасаған неміс классикалық философиясының көрнекті өкілі Ф.Г.В.Гегель болды.

Жалпы гегельдік философиялық жүйе бойынша болмыстың субстанциялық негізі таза ой, бұл ойдың категориялары мен ұғымдары логика (диалектика) заңдарына сай бірінен біріне өтіп отырады. Басында бұл ой өзін-өзі білмейді. Сондықтан барлық таза айналымдар мүмкіндігін сарқыған соң, таза ой өз еркімен өзінің өзінен басқасына өтеді. Яғни онтологиялық өзіндік жаттану актісін жүзеге асырады, сөйтіп пәндік әлем туындайды. Сонан соң мәдени әлемді жасау барысында ой (сана) сыртқы, өзіне жат объектілер мен құбылыстардағы өзінің рухани мәнін таниды, сөйтіп өзімен әлем арасындағы қарама-қарсылықты жояды. Осылайша ой (сана) өзін өзіндік санамен байытып, өзіне-өзі қайтып оралды, яғни абсалютті рухқа айналады. Сонымен қорыта айтсақ, Гегельдің объективті идеализіміне сәйкес, пәндік әлем сананың әрекетінің жемісі. Гегель идеализмі негізсіз қиялдың жемісі емес. Гегель өзінің логикасында мистификацияланған идеалистік формада алғаш рет нақты әлемнің жалпы заңдылықтары мен даму формаларын жүйелі және толық көрсетіп, объективті диалектика заңдылықтарын қалыптастырды және бір жағынан өзінің

категориялар жүйесінде жалпы, қажетті байланыстар мен қатынастарды бейнеледі, екінші жағынан адамзат танымының нақты даму логикасын көрсетті (саяси, әлеуметтік институттар адам санасының жемісі, бірақ кейіннен адам оларды өзіне қарсы тұрған нәрсе ретінде қабылдайды).

Сонымен, адамзаттың мәндік күштерінің заттануының нәтижесінде табиғат адамдандырылады және оның адамнан жаттануы гегельдік сананың мистификацияланған белсенділігінің негізін құрайды. Сананың антитезисы сапасындағы материяға уақыт аралығында даму тән емес, ол енжар, өзінің негізіне салынған циклдерді мәңгілік қайталауға мәжбүр. Соған қарамастан табиғатқа да диалектикалық даму тән. Бұл немен түсіндіріледі. Жаңашылдық пен дамудың иесі рухани бастау болып табылады. Ал оның шығармашылығы материалдық құбылыстарда бейнеленеді. Сананың пайда болуы (табиғат шеңберіндегі) – бұл материя белсенділігінің нәтижесі емес, әлем мен сананың қарама-қарсылығын жоюға бағытталған руханилық формасын іске асыру.

Рух философиясы субъективті, объективті, және абсолютті рухтар туралы ілімдерден тұрады.

Субъективті рух – индивидуальды сана. Субъективті рух объективті және абсолютті рух белсенділіктерінің субстраты болып табылады, себебі, адамнан тыс тарихи әрекет, адамзат танымсыз рухани шығармашылық жоқ.

Объективті рух – жеке халық санасы, объективті рух бірнеше сатылардан өтеді (құқықтық, моральдылық, құлықтылық, құлықтылық бітімдері, отбасы, азаматтылық, қоғам, мемлекет).

Абсолютті рух – бұл қабылдау (өнер), елестету (представления) дін және ұғым (философия) формаларында іске асатын адамзат тегінің рефлексиясы, жалпы адамзат санасы. Сана мен адам танымының объекті – объективтендірілген рухтың өзі, яғни ең алдымен болмыстың әлеуметтік жағы.

Жалпы тарих Гегельдің пікірінше мемлекеттің пайда болуынан басталады. Тарих объективті рухтың жердегі көрінісі ретіндегі әлеуметтік кеңістік пен уақыттағы мемлекеттің болмысы. Адамзаттың саясатқа дейінгі тіршілігі тарих болып табылмайды деген Гегель пікірі дұрыс емес. Мемлекет Гегельдің пікірінше әлеуметтік, таптық қақтығыстар мен құқық қарама-қайшылық тарды үйлестіре білу керек. Бұл мемлекеттің ішкі сферасы. Тарих мемлекеттің пайда болуынан басталады. Бірақ ұлттық шеңберде жеке нақты халық рухының тарихы – әлемдік тарихтың бір фрагменті.

Гегель халықаралық қатынастар мен байланыстар арқылы ерекше бір әлеуметтік шындықтың ашылатындағын көрсетуге тырысты. Бұл шындық рухтың ұлттық шеңберлерден шығып, нақты жалпы болғандығының куәсі. Мемлекеттер арасындағы таластар мен қарама-қайшылықтар ендігі жерде мемлекеттердің өзімен шешілмейді. Бұл жерде жоғарғы қазы – халықтарды қозғалысқа келтіруші әлемдік рух іске араласады. Міне әлемдік тарих деген осы, яғни ол – соңғы, абсолютті қазы. Сонымен дүниежүзілік тарих – бұл мемлекеттердің өзара қарым-қатынасқа түсетін және халықтар тағдыры шешілетін арена.

Әлемдік тарихты қарастыруға кіріспес бұрын Гегель оны географиялық тұрғыдан негіздеуге тырысады. Бұл материалдарда әлемдік рух қозғалысының кезеңдеріне және географиялық бағдарларына түсіндірме беріледі. Бұл түсіндірме белгілі бір

мөлшерде еуроцентризмді негіздеудің гегельдік нұсқасының бір тәсілі. Гегель өзі теріске шығарған географиялық детерменизмді әлемдік рух қозғалысын сипаттауда белсенді түрде қолданады. Егер Кант пен Гердер халықтар дамудағы теңсіздікті табиғи жағдайлармен, топырақтың құнарлығы, климат және бір халықтың екінші халықты жаулап алуымен түсіндірсе, Гегель бұл теңсіздікті әлемдік тарих көшінің соңындағы халықтардың абсолюттік рух назарынан тыс қалуы мен түсіндіреді. Географиялық фактордың ролін елемеуге де немесе оны тым әсірелеп жіберуге де болмайды. Гомер поэмаларының әсемдігіне жұмсақ ионистік климат әсер етпей қойған жоқ, ал Грекияда түріктер билігі кезінде ешқандай ақын-әншілер пайда болған жоқ дейді Гегель. Гегельдің бұл сөздерінің жаны бар, әрине тарихи дамуда әлеуметтік-саяси жағдайлардың да маңызы зор. Бірақ бір ғана климат Гомерді туғызбайды. Ары қарай өз ойын жалғастыра отырып Гегель неліктен Еуропаның рухтың еркіндігін жүзеге асыруға ыңғайлы аймақ болып табылатындағын түсіндіреді және оны Еуропаның қоңыржай климатымен байланыстырады. Бірақ Гегельдің бұл ойы өзі үшін де нанымсыздау. Өйткені Гегель Австралия мен Американың неліктен артта қалып қойғандығын түсіндіруде қарама-қайшылыққа ұшырайды. Осы қарама-қайшылықты шешуде ол этноантропологиялық деректерге ден қояды. Мысалы тұрғылықты американдықтардың менталитеті рухтың жоғарғы формаларына кедергі жасайды. Тіпті неғұрлым дамыған Мексика мен Перу территорияларындағы американдық мәдениеттер Гегельдің пікірінше тым табиғи. Сондықтан олар еуропалық өркениет жүзіндегі дамыған абсолютті рухпен кездесуге шыдамады.

Гегельдің Африка мен африкандықтарды суреттеуі тым біржақты. Африканы Гегель тарихи дамуы жолына түспеген ел, ал негр – рух дамуының төменгі сатысын көрсететін табиғи адам. Ол объективтіні (құдайды) пайымдауға және жалпыны (заңды) қабылдауға қабілетті емес деп сипаттайды.

Алайда, Гегельдің бұл тұжырымдамаларынан нәсілшілдіктің бастамаларын немесе колониализм идеологын көру қателік. Гегель өз заманының адамы, әрине сондықтан оның тарихи-мәдени ақпараты жеткіліксіз, африкандықтар мен американдықтар тұрмысын, дәстүрін мінез-құлқын сипаттаудағы бұрмалаушылықтар осыған байланысты.

Құлиеленушілік құрылыс алғашқы қауымдыққа қарағанда прогрессивті болды, бірақ құлдық ұғымдық жағынан алғанда Гегельдің пікірінше адам табиғатына қайшы келеді. Құлдық әділетсіздік болып табылады, өйткені адамның мәні – бостандық дейді Гегель. Атап өтетін тағы бір жағдай, халықтар арасындағы әлеуметтік-мәдени даму деңгейінен Гегельше нәсілдер мен халықтар теңсіздігі келіп шықпайды. Рух ешқандай халықты сырт айналып өтпейді, барлық халықтар рух дамуына өз үлесін қосады. Көптеген халықтар әлемдік-тарихи халық болып табылмағанымен, дамуға олар үшін жол жабық деуге болмайды. Себебі олар өз дамуында басқалар жүріп өткен жолды қайталайды. Рухтың даму сатыларын Гегель адамның дамуымен салыстырады. Шығыс – адамзаттың балалық шағы, бұл кезде индивид субъективті еркіндігін түсінген жоқ және ол субстанциональды тұтастықпен бірігіп кеткен. Адамзаттың рухани оянуы Шығыста басталады. Алайда, рух табиғатты әлі жеңіп шыға қойған жоқ. Грек әлемі – адамзаттың жастық шағы, индивидуалдылықтың қалыптасуы және өзіндік сананың даму кезеңі. Рим – рухтың



катаю, индивидтің құқықтың субъектісі ретінде қалыптасуы және оның кемелденген адамгершілік ретіндегі мемлекетке толық бой ұсыну кезі. Герман әлемі тарих философиясының алғашқы басылымдарында қартайған шақ ретінде сипатталады. Бірақ рух үшін бұл кезең нағыз кемелділіктің, күш-қуат толысуының кезі. Кейінгі басылымдарда бұл сипаттама күрт өзгерді. Толық өзін-өзі тану рухты уақыт шеңберінен, ұзақтылықтан мәңгілікке шығарады. Гегель рухты суреттеу үшін өзгеру және жасару категорияларын енгізеді, сол арқылы тарихтың басты сипаты – диалектикалық терістеу мен жаңару көрсетіледі. Тарихтағы жойылу әрқашан жаңа өмірді бейнелейді. Өз күлінен қайта пайда болатын Феникс құсы рухтың мәңгі жаңарып, дамуын рәміздесе, қарапайым тілде бұл тарих кезеңдердің жалғастығын білдіреді.

**П.А.Сорокиннің мәдениет тұжырымы.** П.А.Сорокин ХХғ. әлеуметтануында өзіндік қолтаңбасын қалдырған орыс ғалымы. Ол мәдениет типтеріне құндылықтар тұрғысынан талдау жасайды. Сорокиннің айтуынша, құндылықтар мәдениеттің негізін құрайды. Қай мәдениет болмасын ол тек әртүрлі құбылыстардың қарапайым жиынтығы ғана емес, ол тұтастық немесе индивидуальдылық, оның барлық құрамдас бөлшектері негізгі принциппен қамтылып, басты бір құндылықты білдіреді. Осындай тұтас мәдениеттің өнерімен білімінің басты жақтары, оның философиясы мен діні, этикасы мен құқы, оның басты әлеуметтік, экономикалық, саяси ұйым формалары, көп жағдайда оның салт-дәстүрлері, өмір салты, менталитеті – міне осылардың бәрі мәдениеттің негізгі принципі мен басты құндылығын өз бетінше айқындайды. Құндылық – мәдениеттің негізі. Интегралды мәдениеттің барлық құрамдас бөліктері бір-бірімен өзара тәуелді болып келеді, сондықтан оның кез-келген бір бөлігінің өзгеруі қалғандарының да өзгеруіне әкеп соғады. П.А.Сорокиннің мәдениеттің идеационалдық, сезімдік, идеалистік типтерін атап көрсетеді. Мысалы: Орта ғасырлық Батыс Еуропа мәдениетін алып қарайық. Оның басты құндылығы – құдай. Негізгі принципі – бұл дүние жалған дүние, нағыз болмыс тек құдайылық әлемге ғана тән.

Орта ғасырлық сәулет пен мүсін өнері тасқа басылған құран болып табылады. Әдебиетте де діни және христиандық сенім сарыны басым болып келеді. Живопись пен музыкада діни сипатта. Философия да дін мен теология тәрізді басты принцип пен басты құндылықтың – Құдай ұғымының маңына топтасқан. Ғылым христиан дінінің қызметшісіне айналған. Этика мен құқық христиан моральін қайталайды. Саясатта та негізінен теократиялық сипатта және діни-құдайылық принциптерге негізделген. Экономика саласында да шіркеу ірі жер иеленуші болып табылады. Үстемдік етуші салт-дәстүрлер, өмір салты, ойлау тәсілі осының бәрі өздерінің құдаймен бірлігін көрсетеді. Сезім әлемі, қоршаған орта адам жанының уақытша тұрағы, адам құдай әлеміне енуге және соған тұрарлық болуға ұмтылады. Құдай адам сезімінен де, адам ақылынан да тыс тұрады. Міне осындай принциптерге негізделген мәдени жүйені идеационалдық деп атайды.

Орта ғасырлық мәдениеттің құлдырауы міне, осы идеационалдық жүйенің ыдырауымен тығыз байланысты. Бұл құлдырау ХІҮ ғ. сезімдік мәдениеттің алғашқы көріністері пайда болған кезде басталады. Сезімдік (материалистік) мәдени жүйенің басты принципі объективті шындықтың мәні сезімдік дегеннен бастау алады. Соған сәйкес тек қана біздің көргеніміз, естігеніміз, сезім органдары арқылы түйсікпен

қабылдағанымыз ғана шындық. Сезімдік шындықтан басқа шындық жоқ. Міне осы принцип, құлдырауға айналған идеациональдық мәдениет принципімен қактығысады, Бұл принциптердің қосылуы, органикалық тұтастыққа айналуы ХҮІ ғ. жаңа мәдениеттің пайда болуына әкеп соқты. Оның негізгі алғы шарты, объективті шындық бір жағынан сезімнен тыс, бір жағынан сезімдік. Ол сезімнен тыс және рациональдылықтан тыс аспектілерді, сонымен қатар рациональды және сенсорлық аспектілерді қамтиды. Осы алғышартты іске асыратын мәдени жүйе идеалистік деп аталады. Батыс Еуропалық қайта өркендеу, б.э.д. ІҮ-ҮІ ғғ. классикалық грек мәдениеті негізінен идеалистік сипатта болады. Бұл мәдени жүйе шындықтың тек ізгі – әсем жақтарына ғана назар аударып, оны әсірелеп суреттейді. Ол табиғаттан да, адам бойынан да үйлесімділік пен сұлулықты іздейді. Бұл тенденция, әсіресе, өнерде өзінің толық көрінісін табады. Адамның ізгі бейнесі, өмірге деген құштарлығы – Еуропалық қайта өркендеу өнерінің басты сарындарының бірі.

Бірақ бұл процесс мұнымен тоқтап қалған жоқ. Идеациональдық мәдениет одан әрі құлдырай берді. Ал объективті шындық нақты және оның мәні сенсорлы, немесе сезімдік дегенді ұстаған мәдениет келесі ғасырларда да одан әрі дами берді. Ал ХҮІІ ғ. бастап бұл принцип және оған негізделген мәдени жүйе басымдылыққа ие болады. Оны сезімдік мәдениет (мәдени жүйе) деп атайды. Оның барлық құрамдас бөліктері осы мәдени жүйенің басты құндылығы мен принципінің төңірегіне топтасады. Сезімдік өнердің мақсаты – нәзік сезімдік ләззат беру, көңіл көтеру, шаршаған жүйкені тыңайту. Ол діннен де, моральдан да азат.

**О.Шпенглердің мәдениет тұжырымы.** Дүниені дүр сілкіндірген оқиғаларға толы болған өткен ғасырдың танымал ойшылдарының бірі неміс ойшылы – **Освальд Шпенглер**. Оның шығармашылық өрлеуі екі дүниежүзілік соғыс аралығына сай келді және осы жағдай ойшылдың дүние түйсінуіне, ой қорыту ерекшеліктеріне өз әсерін тигізді.

О.Шпенглер тарихи құбылыс тек бірақ рет байқалады, сондықтан оны ғылыми әдіспен танып білуге болмайды, ол тек интуиция арқылы ғана танылады деп санайды. Адамзат тарихын ол қайталанбайтын, шектелген сегіз циклды, ошақтың (локальды) мәдениеттерге бөледі. Олар Қытай, Вавилон, Египет, Антикалық, Араб, Батыс Еуропалық, Майя және Орыс сібір мәдениеті.

Бұлардың әрқайсысының өз идеясы, өз құштарлығы, сезімі, арманы, өлімі бар. Әрбір ошақтық мәдениет, өз ерекшелігін сақтай отырып, туғаннан өлгенге дейін белгілі бір сатылардан өтеді. Әрбір мәдениеттің балалық шағы, жастық шағы, қалыптасу, өлу дәуірін бастан кешіреді. Кезкелген мәдениет, оның өзіне тән рухы (халықтар түріндегі, тіл, дін, өнер, ғылым түріндегі барлық мүмкіншіліктерін сарқыған кезде өледі). Сөйтіп алғашқы рухани стихиялық қалпына қайтып оралады. О.Шпенглердің пікірі бойынша әрбір ошақтық мәдениеттің айқындаушы факторы – рухани бастау. Осы рухани бастаудың пайда болуы, гүлдену, солуы арқылы мәдениет айналымы орын алады. Ол бұл жолы адамзаттың мәдениеттің дамуын жоққа шығарады. Бұл мәдениеттер бір-біріне әсер етпейді.

**А.Дж.Тойнбидің мәдениет тұжырымы.** Өткен ХХ ғасырдың көрнекті ойшылдарының бірі – **А.Дж.Тойнби** 21 мәдениет типін атап көрсетіп, оның 13-не талдау жасайды. Мәдениеттердің тіршілік ету уақыты 6 мың жыл. Олар бірінің орнын бірі баспайды, қайта қатар өмір сүреді. Тарихта прогресс, даму

сабақтастықта жоқ. Мәдениеттер оқшау өмір сүргенмен, олардың бір-біріне әсер етуі мүмкін. Мәдениеттердің даму сатылары тек ежелгі, тарих сахнасынан кеткен мәдениеттерге ғана тән. А.Тойнбидің пікірінше Шпенглер кескіні тек өмір сүруін тоқтатқан өркениеттерге ғана қолданылады. Қазіргі өркениеттердің құрып кетуі мүмкін, бірақ олардың жойылып кетуі тарихи қажеттілік емес және бұл процесті алдын ала көріп білу мүмкін емес. Тойнби логикасына сай тарихтың негізінде құдайылық заңдары жатыр, тарих осы заңдылықтар негізінде бір сатыдан екінші сатыға өтіп отырады. Өркениеттердің қалыптасуы да осы заңдарға байланысты, яғни өркениеттердің пайда болуын Тойнби құдайылық күдіреттің әсерімен түсіндіреді.

Әрбір мәдениеттің айқындаушы факторы – дін. Міне, осы дін өркениеттер айырмашылығының негізінде жатыр. Дін арқылы жеке адамдар құдаймен байланысқа түседі. Сөйтіп, олар алдарына қойған тарихи мақсатты іске асырады. Бірақ адамдардың тарихтағы рөлі әр түрлі. Олардың бір бөлігі өмірлік күштен жұрдай, оларға тек еліктеу инстинкті ғана тән, осыған байланысты олар тарихи жасампаздыққа емес. Ал адамдардың басқаларында осындай өмірлік күш бар (Л.Гумилев тілімен айтсақ пассионарлық тән). Сондықтан олар тарихи жасампаздыққа басшылық жасайды. Егер қоғамдағы жеке адамдардың бойындағы еліктеу инстинкті тым жоғары болса қоғам дамуы тежеледі, қоғам біртіндеп құлдырап, соңында ыдырайды. Егер қоғамда бойында өмірлік күші бар адамдар саны жеткілікті болса қоғам одан әрі дамып гүлдене береді. Себебі, элита қоғамдық дамудың белсенді субъектісіне айналады.

Бірақ ұлы адамдар да құдайға тәуелді. Бұқара халықты енжар күйден, қозғалысқа келтіруге қажет күшті олар құдайдан алады. Сөйтіп творчестволық азшылық тарихи процесті қамтамасыз етеді. Алайда, адамдар қол жеткен жетістіктеріне даңдайсымауы, өздерін құдайдан тәуелсізбіз деп санамауы керек. Олардың құдайдан тәуелсіздігі жалған көрініс. Құдайсыз олар ештеңе де тындыра алмас еді.

Бақи және бұл дүниелік идеалдар бір-бірімен қайшылықта болады. Екеуі де адамдар санасын билеп алуға тырысады. Міне, сондықтан бұл дүниелік өмірдің гүлдену кездерінде адамдар құдайға құлақ аспайды, одан алшақтап кетеді. Бірақ жерде жұмақ орнату әрекеті жүзеге аспай қалғанда, адамның құдайға тәуелсіздігі иллюзиясы да күйрейді. Міне, сондықтан ұлы күйзелістер кезінде адам өзінің құдай алдында тұрғанын сезінеді, ал оның тұрақты болмысы адамның көз алдынан кетпейді.

Сөйтіп, А.Дж.Тойнби тарихи даму заңдылықтарын, мәдениеттер мен өркениеттердің пайда болуын тылсым күштердің ықпалы арқылы түсіндіруге талпынады.

### **Негізгі ұғымдар.**

Абсолютті рух. Типология. Мәдени релятивизм. Дәуір стилі. Идеациональдық мәдениет типі.

### **Өзін-өзі бақылау тапсырмалары.**

**1. Мәдениетті «пассионарлық» деп қарастыратын Гумилевтың еңбегі:**

- А) «Жердің этногенезі және биосферасы»
- В) «Сұлулықтың актуалдығы»
- С) «Тірі ғарыш әлемі»

D) «Тарихтың мәні және мақсаты»

E) «Анти-Дюринг»

**2. Белгілі ғалым, социолог, мәдениет философы, «мәдениетті» толқынды өзгеруің теориясының авторы:**

A) Ф. Ницше

B) О. Шпенглер

C) П. Сорокин

D) А. Моль

E) И. Кант

**3. Гумилев енгізген «пассионарлық» деген сөзінен шыққан латын термині: passio нені білдіреді:**

A) Мақсаттылық

B) Құштарлық

C) Қуат

D) Билік

E) Қатаңдық

**4. «Пассионарлық» ұғымының авторы:**

A) Л.Гумилев

B) Ф.Ницше

C) Бердяев

D) Тейяр де Шарден

E) А.Тойнби

**5. "Ғылыми қызметтің тарихи – ғылыми көзқарасы" деген идеяның авторы**

A) Фуко

B) Сартр

C) Кун

D) Поппер

E) Деррида

**6. "Тіл – болмыстың үйі" деген сөйлемнің авторы кім?**

A) Конфуций

B) Сартр

C) Аристотель

D) Хайдеггер

E) Будда

**7. О.Шпенглердің ең құнды шығармасын көрсетіңіз:**

A) "Европа кешқұрымы"

B) "Европа цивилизациясы"

C) "Буржуазияның тарихы"

D) "Европа мәдениеті"

E) "Анти-Дюринг"

**8. Негізгі "өзекті уақыт" теориясы кімге жатады:**

A) Кант

B) Ясперсу

C) Шпенглер

D) Ницше

Е) Гумилев

**9. Гегельдің мәдениеттану концепциясы қай елде өмірге келген:**

А) Франция

В) Германия

С) Англия

Д) Россия

Е) Австрия

**10. Үй – жайсыз және жайласқан дәуірлер жөніндегі теориялардың авторы....**

А) М. Бубер

В) О. Шпенглер

С) Дж. Келли

Д) А. Бандуры

Е) Б. Паскаль

### Жауаптары:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
A	B	A	A	C	D	A	E	B	A

### Реферат тақырыптары.

1. Мәдениет динамикасы.
2. Мәдени диффузионизм теориясы.
3. Мәдениет типтеріндегі діни құндылықтар.
4. Әлемдік өркениет және мәдени әркелкілік.
5. А.Тойнбидің аймақтық өркениет теориясы.

## 4 тақырып. МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР

1. Өнер туралы жалпы түсінік
2. Өнер түрлерін сұрыптаудың негіздері
3. Көркем шығармашылық және көркем образ (бейне)
4. Өнер түрлері

Мәдениеттің өзекті саласының бірі – өнер. Өнер адамзаттың көркем қажеттіліктерін қанағаттандырады. Адамның жануарлар дүниесінен айырмашылығының бірі – өнер туындыларын дүниеге әкеп, одна ләззат ала білуінде.

Өнер жеке тұлғаның ғана емес, қоғам өмірінде маңызды рөл атқарады. Өнер құндылықтар мен нормаларды, білімдер мен мән-мағыналарды орнықтырады, адамның (адамдардың) дүниетанымымен мінез-құлқын қалыптастырады. Сондықтан да қоғамдық өмірді реттеу құралдары, дін, саясат, идеология өнерді өз мақсаттарына қызмет еттіруге талпынады. Қоғам өмірінің бетбұрыс кезеңдерінде өнерге деген сұраныс өсе түседі. Бұл өнердің руханилықпен, мәдениетпен тығыз байланыстылығын көрсетеді.

Өнер бір-бірімен тығыз байланысты және тарихи кезеңнің көркем мәдениеттің жалпы заңдылықтарына бағынышты өнер түрлерінің жүйесі ретінде орын алады.

Әрбір өнер түрінің шындықты бейнелеу мүмкіндігі шектеулі және болмыстың нақты аймақтарымен байланысты. Мысалы, музыка адамның тылсымдық құпияларын құдіретті әуен, ырғақ, арқылы бейнелей алса, ал болмыстың көрнекті жақтарын бейнелеуде оның әлсіздігі, байқалады. Әдебиет адамдардың сөзін тікелей бейнелей алса, живописьте мұндай мүмкіндік жоқ. Әр өнер түрінің мазмұндық ерекшеліктері және образды жасау құрал-тәсілдерінің өзіндік айырмашылықтары осымен айқындалады.

Сонымен қатар өнер түрлеріне өзінің салыстырмалы шектеулігінен шыға алу мүмкіндігі де тән. Тек өзіне тән пәнді бейнелей отырып, кез-келген өнер жанама түрде болсын болмыстың әрқилы тұстарын бейнелей алады. Музыка адам құлағына сылдырап аққан өзен дыбысын жеткізгендей болса, картинадан қоңыр-салқын жел лебін сезілгендей әсер алуға болады.

Ғылымда өнерді үш топқа бөлу ертеден қалыптасқан: а) Кеңістікте өрбитін өнер түрлері (сәулет өнері, живопись, мүсін), б) Уақыт аралығында өрбитін өнер түрлері (әдебиет, музыка), в) Кеңістік пен уақыт аралығында өрбитін өнер түрлері (театр, кино).

Кеңістікте өрбитін өнер түрлерін статистикалық (тыныштық күйдегі) деп, ал уақыт аралығында өрбитіндерін – динамикалық (немесе процессуальды) деп, ал кеңістік пен уақыт аралығында өрбитін өнерлерді – синтетикалық деп те атайды. Бұл өнер топтарының айырмашылығы қабылдау, сезім, органдырының ерекшелігіне де байланысты. Кеңістікте өрбитін өнерлер көзбен, ал уақыт аралығындағылары – есту органдарымен, ал синтетикалық өнер түрлері екеуімен де бір уақытта қабылданады.

Аталмыш сұрыптау терминологияларының шартты және салыстырмалы екендігін айта кеткен жөн. Өйткені, кеңістік және уақыт ұғымдарын дәл мағынада (философиялық, ғылыми) алуға болмайды. Бұл жерде сөз аталмыш ұғымдардың ерекше көркемдік мағынасы туралы болып отыр.

Өнер түрлерін бейнелейтін (изобразительные) және ойды жеткізетін (выразительные) деп те сұрыптайды. Бұл сұрыптаудың белгілі бір негізі болғанмен, оның да шартты екенін айтып кеткен жөн. Бірдеңені бейнелеумен ғана шектеліп, ол туралы ештеңе айтпайтын (ойды жеткізбейтін), немесе айтып ештеңені бейнелемейтін өнер түрі кездеспейді. Кез-келген өнерде бейнелеу мен ойды жеткізу қабілеті бар. Олар бір-бірімен бірлікте, тұтастықта болып, көркем образдың мән-мазмұнын айқындайды. Алайда, бұл бірліктің әр өнер де тек өзіне тән сипаты, ерекшелігі болады.

Бейнелеу – бұл өнер образдарының шындыққа ұқсастығы, сәйкестігі, ал ойды жеткізу – бейнеленген нәрсенің ішкі идеялық-эмоциялық мағынасы, мәні.

Сәулет өнері, әрине живопистің бейнелегеніндей бейнелей алмайды, онда нақты құбылыстармен ұқсастық жоқ. Бірақ сәулет өнерінде сол дәуірдің адамдарының тұрмыс тіршілігі, арман-мұраттары туралы көп мәлімет бере алады. Сол сияқты музыкада адамның жан-дүниесін өзінше бейнелейді.

Сонымен, бейнелеу мен ойды жеткізу кез-келген өнер түрінің заңдылығы болып табылады. Бұл заңдылықтың, бірлестіктің бұзылуы көркем шығармашылықтың реалистік сипатынан бас тартуға әкеп соғады.

Өнерді сұрыптаудың бұдан басқа да түрлері бар. Мысалы, адамның еңбек әрекетімен және өндіріспен байланысты қолданбалы – сәндік өнер түрлері, табиғаты жағынан ойынға жақын, ойын-сауықтық өнер түрлері және т.б.

Өнердің мәні мен оны сұрыптау негіздеріне тоқталып өткен соң, өнердің, көркем мәдениеттің маңызды ұғымдары – көркем творчество мен көркем образ мәселелеріне тоқталып өтейік.

Екінші сұрақты қарастыру барысында көркем өнер туындыларын жасауда маңызды орын алатын көркем шығармашылық және көркем образ (бейне) ұғымдарының мәнін, мазмұнын терең де, жан-жақты аша білу қажет. Бұл өнердің, жалпы көркем әрекеттің әрқилы заңдылықтарын, принциптері мен адам әрекетінің тек осы түріне тән ерекшеліктерін дұрыс түсініп, қабылдап, бағалауға мүмкіндік береді.

Көркем шығармашылық жаңа эстетикалық құндылықтарды жасау процесі көркем шығармашылық адам әрекетінің барлық саласында кездескенімен, ол тек өнер туындыларын жасағанда ғана өзінің толық сапасында ашылады. Көркем шығармашылық адамнан ой ұшқырлығын, ауқымды да терең фантазияны талап етеді. Сондықтан суретші үшін (бұл жерде біз суретші ұғымын кең мағынада, кезкелген көркем шығармашылық субъектісі ретінде қолданып отырмыз) шындыққа, дүниеге деген эмоциялық көзқарастың орны ерекше. Эмоциональды шындықты эстетикалық игерудің, оны қайта өңдеп, көркем образ бітімінде (формасында) түйіндеудің алғы шарты болып табылады. Алайда өнер объектісін танып-білуде тек эмоциялық деңгеймен шектелу жеткіліксіз, ол дүниені терең ұғымдық, рациональды тұрғыда игеруді талап етеді, яғни суретшінің эмоциональдығы интеллектімен байланыста болады және суретші тұлғасында эмоциялар мен қатар, дүниелі рациональды игеру белгілері де кездеседі.

Эмоциональдылықпен рациональдылықтың бірлігінде көркем творчество субъектісінің тағы бір маңызды белгісі – дүниеге жеке тұлғалық көзқарасы, қарым-қатынасы, туындайды.

Дүниеге тұлғалық қатынас суретшінің әлеуметтік құрамда алатын орнына ғана емес, сонымен қатар оның санасында шындықтың бейнеленуінің психофизиологиялық ерекшеліктеріменде тығыз байланысты.

Көркем шығармашылық әрқашан өнердегі жасампаздық болып табылады. Бірақ жасампаздық – мақсат емес. Көркем шығармашылықтың эстетикалық жаңалығымен қатар қоғамдық өзектілігі, маңыздылығы болуы қажет.

Көркем шығармашылық барысында көркем образ (немесе образдар) туындайды. Көркем образда өнердің неғұрлым маңызды ерекшеліктері көрініс табады.

Көркем образ – бейнелеу мен шығармашылықтың, сол сияқты көркем қабылдаудың бірлігі. Көркем образ өнерде ерекше рөл атқарады, онда объективті шындық өзіндік бітімде көрініс табады. Сондықтан көркем образды – өнердің ядросы, негізгі элементі деп қарастыру заңдылық.

Көркем образда өнер әлемі мен шындық тоғысады, яғни өмір сұлулығы мен өнер әсемдігі тұтасып көркем образды береді. Сол арқылы көркем сана оймен, сезіммен, нақты өмірден алынған әсермен толысады.

Көркем образ бейнелеп ойлаудан (образное мышление) бастау алады. Оны жасау, көрерменге немесе тыңдаушыға жеткізуде көптеген көркем тәсілдер, метафоралар,

салыстырушылар мен эллипстер, сол сияқты ірі көркем құрылымдар – кейіпкер, мінезді бейнелеу, көркем қақтығыс кеңінен қолданылады.

Көркем образда ойдың жалпыламалыққа, абстрактілеуге қабілеттілігі көрініс табады. Алайда көркем абстракцияны сезім арқылы бейнелеу мен ғылыми абстракция барысында туындайтын ұғымды шатастыруға болмайды. Көркем образдың гносеологиялық табиғаты көркем және ғылыми ойлау тәсілдерін салыстыра қарастырғанда айқындалады. Ғылыми ойлау қарама-қайшылықсыз, қатаңдығымен сипатталса, суретші ойлауында мұндай қатаңдық жоқ. Ол көбінесе метафоралық ойлауға жүгінеді. Екіншіден, ғалымның ойлауы жалпы адамзаттық (планетарлық) сипатта болса, суретшінің ойлауы индивидуалды (ұлттық) сипатта болуы мүмкін. Үшіншіден ғылымдағы жаңалық ғылыми прогресс қисынына сәйкес келсе, көркем жаңалық суретші тұлғасымен, оның образды ойлау жүйесімен байланысты.

Көркем образдың жасалу тәсілдеріне байланысты оның көп түрі бар. Бұл процеске бірнеше факторлар әсер етеді. Көркемдік әдіс тұрғысынан келгенде, образ екі түрлі Романтикалық образ, реалистік образ. Әдеби тек тарапынан келгенде, образ үш түрлі: этикалық образ, лирикалық образ, драммалық образ. Жасалу тәсілдеріне тоқталсақ, образ тағы бірнеше түрлі: Юморлық образ, фантастикалық образ, трагедиялық образ, геройлық образ (бұл туралы толығырақ қараңыз З. Қабдоллов. "Сөз өнері").

Көркем образдың жасалуы бірнеше деңгейден тұрады. Көркем образдың ең абстрактілі деңгейі – идеалды деңгей. Бұл деңгейде көркем образдың қалыптасуы таза интеллектуалды сипатта болады, көркем идея тиянақталады. Сонымен қатар, бұл деңгейде көркем образ субъект психикасы шеңберінен шығады. Өйткені, көркем идеяның қалыптасуында адамзат мәдениеті, оның көркем тәжірибесі зор рөл атқарады.

Көркем образдың екінші деңгейі – психикалық деңгей. Бұл көркем сезім, эмоциялар деңгейі. Осылар арқылы көркем образ қабылданады. Эмоциялар арқылы көркем образ қабылданады. Эмоциялар бірінші деңгейде де маңызды орын алады. Бірақ психикалық деңгейдегі Көркем образдың қалыптасуында көркем шығармашылықтағы көмекші сананың алатын орны ерекше. Эмоциясыз, сезімсіз көркем образдың болуы мүмкін емес. Өйткені, олар қоршаған ортаны бейнелеудің құралдары болып табылады.

Көркем образдың соңғы деңгейі – материалды деңгей, яғни көркем образдың заттанған деңгейі. Бұл деңгейде автор өз ойын, сезімін іске асырады. Мысалы, суретін, мүсінін салып, әнін, кітабын жазып көпшілікке ұсынады.

Өнер теориясында көркем образды образ-түпкі ой (образ, замысел), көркем шығарма, қабылданған – образ деңгейлеріне бөліп қарастыру кең таралған. Бұл, әсіресе, көркем образдың процессуалды жағын қарастырғанда қолданылады.

Сонымен образ – өнердің өзіндік ерекшелігі. Онда адам өмірінің, характерлердің, қақтығыстардың, адам сезімінің сипаты көрініс табады.

Біз жоғарыда өнер түрлерін сұрыптаудың негіздеріне тоқталып өттік. Енді өнердің нақты түрлеріне тоқталып өтейік.

**Музыка** – шындықты дыбыстық образдар арқылы бейнелейтін өнер түрі. Музыка мүсін немесе живопись сияқты шындықты нақты заттарда бейнелей алмағанмен



оның өзіндік ерекшеліктері бар. Біріншіден, музыка адамның жан-дүниесін, терең сезімін жеткізеді. Екіншіден, адамның уайым-қайғысын, қуаныш-шабытын, толғанысын үзіліссіз қозғалысты, бейнелейді.

Музыка арқылы бейнелейтін (жеткізілетін) эмоциялар шындыққа тәуелсіз, абстрактілі эмоциялар емес. Бұл сезімдер қоршаған ортаның, өмірлік маңызы бар оқиғалардың әсерінен пайда болады. Сондықтан музыкалық шығарманың негізінде адамның пәлсафалық көзқарасы, дүниетанымы жатады.

Кез-келген халықтық немесе кәсіби музыканың негізі әуен болып табылады.

Әуен (мелодия) – көркем ойластырылған, ырғақты және интонациялық – үйлесімді ұйымдастырылған әртүрлі биіктегі дыбыстар қатары.

Музыкада санасыз көп әуен түрлері бар. Әуен арқылы жеткізілетін эмоция, сезім қырларын айтып жеткізу мүмкін емес.

Тұрақсыз дыбыстардың тұрақты дыбыстарға тартылуы арқылы анықталатын музыкалық дыбыстардың өзара байланыс жүйесі ырғақ (лад) деп аталады.

Ең көп таралған ырғақтар – мажор мен минор. Мажорлы әуен минорларға қарағанда ашық-айқын, қатаң болып келеді.

Әуен ырғақпен және ритммен тығыз байланысты. Ритм – созылыңқы және қысқа дыбыстардың алмасуы, олардың арақатынасы. Ритм метрмен байланысты. Егер ритмде дыбыстардың уақыттағы арақатынасы көрініс тапса, метр осы арақатынастардың өлшемі болып табылады.

Әртүрлі би музыкасы осы ритм және метр арқылы ерекшеленеді (вальс, танго, полька, мазурка).

Музыканың тағы бір көркемдік құралдары – регистр мен тембр.

Регистр белгілі жоғарылықтағы (жоғары, орта, төмен) әнші дауысының немесе аспаптың дыбыстық диапазон бөлігі. Төменгі регистр дыбыстары салмақты, ауыр, түнеріңкі, ал жоғарғы регистр дыбыстары жеңіл, айқын, ашық болып келеді. Регистрдің біртіндеп ауысуы әуеннің сипатын өзгертуі мүмкін, ал әуенді бір регистрден екіншісіне бірден ауыстыру оның толық қайта өзгеруіне әкеп соғады.

Радиодан әншінің немесе музыкалық аспап дауысын тануға мүмкіндік беретін дауыс сапасы, реңі тембр деп аталады.

Музыкалық жанрдың үш түрі бар. Олар: ән, би және марш. Кез-келген музыкалық шығарманы алсақ та, олардың негізінде осы үш жанрдың бірі жатады.

Музыкалық жанр деп – мазмұн сипаты, мақсаты, орындаушылық типі тұрғысынан біріктіріліп, ұйымдастырылған музыкалық шығарма түрін айтады.

Музыкалық шығарманың негізгі екі түрі бар. Егер дауыстар біркелкі болып келсе, полифониялық көп дауыстылық туындайды. Ал шығарма дыбыстар үйлесімділігіне негізделсе, гомофонды – үйлесімді құрылым туралы сөз болады. Бұл жағдайда музыка құрылымы жетекші рөл атқаратын әуенге және қосымша рөл атқаратын сүйемдеуге (аккомпонентке) жіктеледі.

Негізгі музыка бітімділігі (формалары) – соната, концерт және симфония.

Музыка адамды жігерлендіреді, оны батыл қимылдарға жетелейді. Қоғамдық санаға әсер ете отырып, қоғамды алда тұрған мақсаттарды жүзеге асыруға жұмылдырады.

**Живопись** (көркем сурет) – бейнелеу өнерінің маңызы бір түрі. Ол әртүрлі түстерді беретін бояу және қоршаған әлемді бейнелейтін суретпен тығыз байланысты.

Живописінің міндеті – осылар арқылы табиғатты, ғарышты, адам әлемін, әлеуметтік ортаны бейнелеу.

Живописьтің негізгі құралы – сурет. Бірақ живописьте бояудың (түстің) да маңызы өте зор. Картинаның түсі белгілі бір көңіл-күйдің, әсердің қалыптасуында, ойды жеткізуде маңызды рөл атқарады. Бояу (түс – цвет) табиғатын ашуда жарықты пайдалана білу керек. Өйткені, картинаның түсі жарық арқылы айқындалады. Жарық пен көлеңкенің алмасуы көрермен қабылдауына ерекше әсер етіп, картинадан тіршілік тынысын аңғартады.

Живопись туындыларының көркемдігі колорит, композиция, ритм сияқты элементтермен айқындалады.

**Колорит** (лат. Color – түс) – картинадағы әртүрлі бояулардың (түстердің) үйлесімділігі. Колорит суретші ойын айқындап, картинаның көрерменге әсер етуін күшейтеді.

**Суретші** картина колоритін ойдан шығармайды, қайта табиғаттың өзінен көптеген реңдік – түстік қатынастарды тауып, өмірді бейнелейтін бояулар үйлесімдігін дәл беруге талпынады.

**Композиция** (лат. Compositio – орналастыру, құрастыру) – картинаның мәнін, сюжетті ашу мақсатындағы суретшінің бейнеленетін нәрсені, құбылысты жазықтықта орналастыра білу шеберлігі.

**Ритм** – қозғалыс динамикасын немесе тыныштық сипатын айқындау үшін силуэттер мен ауқымды формалардың кезектесіп орналасуы.

**Сюжет** (франц. Sujet – нәрсе, бұйым, зат) – оқиғаларды ұйымдастыру, оларды көркемдік тұрғыдан толғау. Сюжет тема (тақырып) сөзінің синонимі ретінде қолданылады.

**Перспектива** (лат. perspicere – айқын, дұрыс көру) – қашықтықта орналасқан заттарды жазықтықта бейнелеудің ережелері мен тәсілдері туралы бейнелеу өнеріндегі ілім. Перспектива жазықтықта орналасқан заттарды ауқымды (үштік өлшемде) қабылдауға мүмкіндік береді, шындық иллюзиясын тудырады (қайта өркендеу дәуірінің атақты суретшілерін еске түсірейік).

Живописьтің негізгі үш жанры бар. Олар: портрет, пейзаж және натюрморт.

Живописьтің күрделі жанрының бірі – портрет. Портретте суретші бейнелейтін бет-әлпеттің ұқсастығына ғана назар аудармайды, сондай-ақ ол бейнелген адамның мінез-құлқын, табиғатын, жан-дүниесін ашуға талпынады (мысалы Рим суретшілерінің портреттері).

Суретші өзінің қоршаған табиғатқа деген ой-сезімін, эмоциясын пейзаж жанры арқылы білдіреді. Суретші әртүрлі табиғат этюдтерін бейнелей отырып белгілі бір көңіл күйді қалыптастырады. Ол табиғат құбылыстарынан басқаларға біліне бермейтін бір сәттерді бөліп алып, сол сәтке қайталанбас сипат беріп, оны мәңгілікке қалдырады. Мысалы қоңыр күз, жазғы тұры көктем адам бойында әртүрлі көңіл-күй қалыптастырады. Пейзаж табиғаттағы мәңгілік пен өтпеліні, қозғалыс пен тұрақтылықты бейнелей отырып, адамды өмірдің әрбір сәтінің шексіз құндылығын түсінуге тартады.

Живописьтің тағы бір жанры – натюрморт. Натюрморт – үстел үстіндегі гүлдерді, жеміс-жидектерді, ас түрлерін т.б. бейнелеу. Натюрморт бізге дәуір тынысын, халықтың өмір салтын жеткізеді.

Живопись өнерінің тәлімділік-тәрбиелік, эстетикалық маңызы өте зор. Ол адам бойында қоғамдық маңызы бар құндылықтарды қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Сонымен қатар адамның жан-дүниесін терең қабаттарын тербеп, оған эстетикалық ләззат береді.

**Мүсін** (лат. Sculptura – қашаймын) – шындықты сомдалған пластикалық образдар және ауқымды формалар арқылы бейнелейтін бейнелеу өнерінің бір түрі.

Мүсін өнерінің екі түрі бар. Жұмыр мүсін, оны үш өлшемді (биіктігі, ені, жуандығы) деп те атайды. Ол бейнеленген нәрсені жан-жағынан түгелдей қарап – көруге мүмкіндік береді. (ескерткіштер, статуялар, бюсттер). Рельеф – тегіс заттың бетіне бедерленіп, ойылып алынған бейне. Рельефтің бірнеше түрі болады. Егер бейнеленген фигура жазықтықта жартысынан аса шығып тұрса оны жоғары немесе горельеф деп, ал сәл ғана шығып тұрса оны төмен немесе барелеф деп атайды.

Мүсіннің негізгі жанрлары – портреттік, анималистік (жан-жануарларды бейнелеу), тұрмыстық, тарихи және орнаментальды (ою-өрнек, өсімдіктерді, геометриялық фигураларды бейнелеу) жанрлар.

Мүсін өнерінің негізгі ұғымдарының бірі – пластика. Пластика – ауқымды формалардың, жазықтықтармен пропорциялардың үйлесімді ұштасуы және адамның бет-әлпетін, дене-бітімін, қозғалысын шеберлікпен жеткізу.

Мүсін өнері демалыс бақтарын, сәулет өнерінде ғимараттарды безендіруде кеңінен қолданылады.

**Театр** (грек. Theatron – ойын – сауық орны) – қоршаған ортаны актер ойыны және драммалық іс-қимыл арқылы бейнелейтін өнер түрі.

Театр негізі – драматургия. Драматургия театр өнерінің даму бағытын, мазмұнын, оның жанрлары мен көркемдік құралдарының жетілуін айқындайды. Театр үшін драматургия қандай қажет болса, драматургия үшін театр да сондай қажет. Драматургиялық шығарма ең алдымен көрермен үшін жазылады. Татрсыз драматургия өзінің барлық мазмұндық байлығын ашып көрсете алмайды.

Театр өнерінің туындысы спектакль. Театрда шығармашылық процесс пен оның нәтижесі спектакльді ажырату мүмкін емес. Спектакльді кітап немесе картина, басқаша айтқанда аяқталған шығарма деп қарастыруға болмайды, ол үзіліссіз, бітпес шығармашылық. Сондықтан актер әр спектакль сайын жаңа рөлге еніп, көрермен алдында кейіпкер образын жасайды.

Театр өнері – ең алдымен драмалық әдебиетті сахнада интерпретациялау өнері. Бұл интерпретацияның негізгі тұлғасы – актер, құралы – оның ойыны. Актер рөл арқылы драматург пен режиссердің ойын ашады, сахнадағы барлық нәрсені іске қосып, оларға театрлық көркемдік береді. Театр қойылысының шындыққа сәйкестігі декорациялық безендіруге емес, актер ойынының нанымдылығына байланысты. Сахнада пейзаж, қала көрінісін, бөлме ішін дәл беруге болады, алайды, актер өз ойыны арқылы оларға тіршілік тынысын бере алмаса олардың бәрі өлі күйінде қалады. Сондықтан актерлік шеберлік ерекше таланттылықты талап етеді. Актер дикция, интонация, мимика, пластика, жест сияқты көркемдік құрал-тәсілдерді жете меңгеруі қажет. Ол өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып, драматургтың жеткізе алмағанын көрерменге жеткізіп, рөл мәнін аша түседі. Бұл актердің әрі орындаушы, әрі жасампаз тұлға екенін аңғартады.

Театрдың маңызды ерекшелігі – шығармашылық актінің көрерменнің көз алдында орындалуында. Егер кинода көрермен шығармашылық процестің нәтижесін ғана көрсе, театрда ол осы процестің өзін бақылайды. Кинода көрермен мен актер арасында шынайы байланыс орнату мүмкіндігі шектелген, ал спектакль көрерменге көркем шығарманың астарлы сырын танытқандай болады. Спектакльден ляззат алудың бір құпиясы осында жатыр.

Театр табиғаты жағынан – ұжымдық өнер. Режиссураның пайда болуы да театрдың осы табиғатынан туындаған. Режиссура драматуригияны бегілі бір тұрғыда интерпретациялау және театр ұжымының күш-жігерін спектакльді идеяны, ойды ашып, іске асыруға жұмылдыру қажеттілігінен қалыптасады.

Спектакльді дүниеге келтіруші – режиссер. Спектакльді ұйымдастырушы, қоюшы, актердің талантын ашушы ретінде режиссердің алатын орны ерекше. Бірақ ол спектакльді бір өзі жасамайды, қалай десек те, актер театр өнерінің басты тұлғасы және өнердің бұл түрінің ерекшелігінде актермен байланысты. Қайталанбас театр туындысы тек бір-бірін терең түсінетін, ауыз бірлігі бар ұжымды ғана дүниеге келеді.

**Кино** (грек. *Kinema* – қозғалыс, *grapho* – жазамын) 1898 пайда болды. Осы жылы ағайынды Луи жан және Огюст Люмьерлер кинопроектор аппаратын ойлап тапты. Кино өнерінің пайда болуы ғылым мен техниканың машиналы индустрияның дамуы мен тығыз байланысты.

Кинематографияны театрмен жиі салыстырады, оның өзіндік негізі де бар. Екеуі де кеңістік пен уақыт аралығында өрбитін синтетикалық, ойын – сауықтың өнер түрлері болып табылады. Екеуі де әдеби шығарма негізінде жасалады, бірақ кинематографияда әдеби негіз қызметін пьеса емес, сценарий атқарады.

Кино мен театр жақындығы актер ойынынан да көрінеді. Алайда кинодағы актер мен театр актерлерінің айырмашылықтары аз емес. Театр өнері ең алдымен актер өнері. Кинематографияның актерлер мүлдем қатыспайтын түрлері де бар. Ал актерсіз спектакльдің болуы мүмкін емес.

Спектакльден айырмашылығы фильмде сценарист пен режиссер ойы түгелдей актер ойынында ашылмайды. Киноның тек өзіне тән идеялық – көркем ойды ашу құралдары мен тәсілдері бар (Мысалы, кинода операторға, суретші мен композиторға көп нәрсе тәуелді).

Театрмен салыстырғанда кино өмір құбылыстарын кең қамтып, ауқымды бейнелей алады.

Киноның көркемдік құралдарының бірі – монтаж. Монтаж-кадрларды белгілі бір тәртіппен орналастыру. Монтаж арқылы фильмді қоюшылар көрермен ойының бағытын, ассоциацияларын анықтайды.

Кинематографиядағы көркем шығармашылықтың қаруы – камера. Кинокамераның қозғалысы ресурс пен арақашықтықты өзгерту арқылы құбылыстарға жаңа мән-мағына береді. Камера мен объект арақашықтығының өзгеруі көрерменнің қабылдауына да ұтымды әсер етеді.

Кино актерлерге де үлкен талап қояды. Фильмнің көрермендік деңгейі көп жағдайда солардың шеберлігіне де байланысты. Кино өнерінің басты кейіпкері – кинорежиссер. Ол шығармашылық процестің әрі ұйымдастырушы, әрі жетекшісі.

Режиссер фильмінің көркемдік, идеялық бағытын анықтап, операторлар мен суреттердің, композиторлар мен актерлердің еңбегін бір ағымға біріктіреді.

Кино жанрларының көптүрлігі кино өнерінің табиғат суреттерін, шындықтың алуан түрлі құбылыстарын, адамның көңіл-күйін, толғаныстарын бейнелеудегі шексіз мүмкіндіктерімен айқындалады.

Қазіргі киноматография негізгі үш түрге бөлінеді: Көркем киноматография, деректі киноматография, мультипликациялық киноматография.

Кино өнері кинодрама, киноповесть, кинокомедия және т.д. жанрлармен де сипатталады.

**Көркем әдебиет** өнерлер жүйесінде маңызды орын алады. Әдебиеттің әлеуметтік шындықты, табиғат әлемін кеңінен бейнелеуде мүмкіндігі орасан зор. Ол қоғамды толғандырып отырған мәселелерді азаматтардың санасына ұялатып, оны шешудің жолдарына нұқсайды, қоғам дамуының ағымдарын айқындайды. Тіпті, әдебиет өз заманынан көш бойы алда тұруы да мүмкін. Бұл тұрғыда әдебиет қоғам өмірінде болжамдық қызмет атқарады деп те айта аламыз.

Әдебиет басқа өнер түрлеріне ықпал етіп, олардың тақырыптары мен сюжеттерін анықтап отырады. Біз жоғарыда театр мен кино өнерінің әдеби негізде дамитындығын атап өткен едік. Бұл өнер түрлерінен басқа әдебиет живописьпен мүсін, музыка мен би өнеріне де ықпал етеді.

Соңғы жылдары әдебиетті нағыз көркем әдебиет және беллетристика деп сұрыптау жиі орын алып жүр.

Нағыз көркем әдебиет бұл, ең алдымен қоғамдық, тіпті, өркениеттік маңызы бар әдеби шығарма. Мұндай шығарма болып жатқан немесе орын алған өмірлік құбылыстардың терең мәнін ашып, олардың өркениет тарихында алар орнын айқындайды (Мысалы, М.Булгаковтың "Мастер және маргарита", Ш.Айтматовтың "Кассандра белгісі" және т.б.).

Беллетристика – оқырманға таныс оқиғаларды баяндау. Беллетрист – жазушы творчестволық күш – жігерін өмірдің белгілі жақтарын сипаттауға жұмылдырады. Яғни бұл оқырманның өмірден байқаған, алайды арнайы назар аудармаған оқиғалары (Мысалы, поездағы жолаушының басынан өткен хикаялары, кездесу, қоштасу және т.б. оқиғаларды баяндау).

Беллетристика – өткенді қайталау, ал нағыз көркем әдебиет, ол әрқашан жаңалық. Әдебиеттегі шындықты бейнелеп, автор ойын ақырға жеткізудің басты құралы – сөз. Сөз арқылы адам санасында жинақталған өмірлік тәжірибесін жеткізеді. Сөз адам арманы мен қиялына қанат бітіріп, кеңістік пен уақыт шегінен асырады.

Әдебиет әртүрлі дәуірлерде өмір сүрген адамдар, ата-бабалар мен кейінгі ұрпақтар арасындағы сұхбаттастыққа жол ашады.

Жазушы өз шығармасында іс-қимылды әртүрлі кеңістік пен уақыт өлшемдеріне көшіріп, бірнеше сюжеттік бағыттарды өрбітеді. Шығарманың көркемдік-идеялық мәнін ашып, арттыруда ол суреттеу, баяндау, диалог, монолог, тәсілдерін ұштастырады. Шығарманың ұтымдылығы, тартымдылығы жазушының талантына, шеберлігіне, шешендігіне тікелей байланысты.

Әдебиеттің негізгі жанрлары – эпос, лирика және драма.

Эпоса шындық ауқымды, әр қырынан, терең бейнелейді. Кейіпкерлердің мінез-құлқы оларды қоршаған ортада, іс қимылдардың, оқиғалардың әсері арқылы

ашылады. Эпоста кейіпкердің толық немесе белгілі бір кезеңдегі өмірі баяндалады. Эпос шындықты объективті тұрғыда бейнелейді, сондықтан онда суреттеу мен баяндау маңызды рөл атқарады.

Эпостың очерк, әңгіме, повесть және роман сияқты жанрлары бар. Роман – ауқымды эпикалық шығарма. Романда кейіпкердің өмір жолы, қоғамдағы орны, тарихта қалдырған ізі мен қолтаңбасы, тарихи дәуірдің тынысы кеңінен қамтылады (Мысалы, М.Әуезовтың "Абай жолы" романын еске түсірейік).

Лирикада кейіпкердің мінез-құлқы толғаныс, қуаныш пен қайғы, сезім арқылы ашылады. Эпоспен салыстырғанда лирика субъективті сипатта болып келеді. Өйткені, онда адамның жан-дүниесін, сезім-түйсігін ашуға басты назар аударылады. Лирикалық шығармада автор объективті шындықты мүлдем бейнелемей, бар ынтасын өзінің ой-сезімін жеткізуге жұмылдыруы да ғажап емес. Автордың бұл толғаулары, лирикалық образдары өз замандастарына ел-жұртына ие болады. Көптеген шығармаларда эпостық және лирикалық бегілер ұштасып кетеді. Сөйтіп, лиро-эпостық жанрдағы шығарма пайда болады (Фирдауси, Низами, Абай шығармаларын еске түсірейік).

Драма – сахнада қоюға арналған әдеби шығарманың ерекше түрі. Драмада кейіпкердің мінез-құлқы диалог, монолог, іс-қимыл, қақтығыс арқылы ашылады. Драманың негізгі жанрлары трагедия, комедия және тар мағынадағы драма (оны кейде турмыстық драма немесе пьеса деп те атайды).

Көркем әдебиетте сөз арқылы образ жасалады. Оқырман алдында нақты адамдардың өмірі, ой-сезімдері, ізденістері мен адасулары, ақиқат пен әділеттілік жолындағы күресі өмір шындығы арқылы баяндалады, өніп-өрбиді. Қыл қалам шеберлері нақты өмірді көркем бейнелеу мақсатында сөз құдыретін асқан шеберлікпен қолдана білді.

**Сәулет өнері** (Архитектура грек. *architekto*- құрылысшы) – өнердің негізгі және көне түрлерінің бірі, тіршілік етуге арналған ортаны материалдық, техникалық және көркем құралдар арқылы ұйымдастырып, құрып, қалыптастыруға бағытталған адам әрекетінің бір түрі және нәтижесі.

Сәулет өнерінде адамның материалдық және рухани, әсемдікке деген қажеттіліктері ұштасады. Тұрғын үй, әртүрлі ғимараттар адамның тұрмысына қолайлылық тұрғысынан ғана емес, оның көркем-эстетикалық сұраныстары, талаптарын ескере отырып жобаланады.

Сәулет өнері туындысының ішкі және сыртқы көрінісі болады. Ішкі көрінісі ғимараттың ішкі кеңістігінің ұйымдастырылуына және адам әсеріне негізделген. Сыртқы көрінісі ғимаратты ауқымды қабылдауға бағытталған. Сондықтан, ішкі және сыртқы көрінісі сәулет өнерін образды қабылдаудың негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Діни ғимараттардың ішкі көрінісі жаратушының ұлылығына меңзеп, адам мен жаратушының ерекше байланыс бітімін білдірсе, сыртқы көрінісі өзінің әсемдігімен, үйлесімділігімен адамды тартады. Киіз үйдің ішкі кеңістігі адам мен ғарыштың тұтастығын бейнелейді.

Сәулет өнерінің негізгі ұғымдарының бірі – архитектоника – архитектуралық туындының көркемдік құрылымы үйдің құрылымдық жүйесін құрылыс заңдылықтарына сай, зор көркемдік дәрежеде жүзеге асыру оның нақты шешімін табу – архитектоникаға байланысты (Қазақстан ұлттық энциклопедия. Алматы, 1998. 457 б.).

Сәулет өнерінің маңызды көркемдік құралы – пропорционалдық, яғни ғимараттың немесе архитектуралық ансамбльдың бөліктерінің үйлесімділігі, оның қоршаған табиға-әлеуметтік ортамен жарасымдылығы.

Ғимараттың ауқымдылығы, кеңістікте орналасуы, түсі, құрылысқа пайдаланылған бұйымдардың сапасы адамға эмоциональды-эстетикалық әсер етудің тағы да бір тәсілі, құралы болып табылады.

Еуропа елдерінде бес түрлі архитектуралық стиль бірінен соң бірі орын алмастырды. Олар: роман, готика, ренессанс, барокко, классицизм стильдері (Қазақстан ұлттық энциклопедия. Алматы, 1998. 459 б.)

Шығыс елдерінде сәулет өнерінің дамуы діни ғибадатханалар салумен тығыз байланысты болды. Үндістандағы Тадж-Махал мешіті, Михободхи Вихара ғибадатханасы осыған еңзейді.

Сәулет өнері мүсін, живопись, қолданбалы безендіру өнерлерімен тығыз байланыста дамыды. Қазіргі кезде жаңа құрылыс бұйымдарының ашылуы, ғылым мен технологияның өркендеуі сәулет өнерінің көкжиегін одан әрі кеңейтіп отыр.

### **Негізгі ұғымдар.**

Архитектоника. Әуен. Барельеф. Горельеф. Өнер. Образ. Шығармашылық. Трагедия. Комедия. Жанр. Стиль. Сюжет. Колорит. Композиция.

### **Өзін-өзі бақылау тапсырмалары.**

#### **1. Сюрреализм өкілі:**

- А) С.Дали
- В) Элюар
- С) Малевич
- Д) Д. Брак
- Е) М. Шагал

#### **2. Қазақ мәдениетіндегі дәстүрлік уақытқа сай сананың басындағы формасы не болып табылады?**

- А) Аңыз
- В) Батырлық эпос
- С) Ақындардың өнері
- Д) Жыраулардың шығармалары
- Е) Күй

#### **3. «Этникалық сананың уақыт категориясына негізделген халықтың әлауқат, жағдайын анықтайтын топтасу үшін аса ыңғайлы индикаторлардың бірі болып табылады» деп кім жазды?**

- А) Л. Гумилев
- В) Ш. Уәлиханов
- С) М. Қашқари
- Д) Әл-Фараби
- Е) Ж. Баласағұн

#### **4. Қай ХІХ ғ. Батыс Еуропа философы фундаменталды онтология ілімін дамытты?**

- А) М. Хайдеггер

- В) А. Бергсон
- С) С. Кьеркегор
- Д) Э. Гуссерль
- Е) Ж.П. Сартр

**5. Әдебиет жанрына жатпайтындар.**

- А) Роман
- В) Повесть
- С) Симфония
- Д) Әңгіме
- Е) Эпос

**6. Спорттың қай түрін өнерге жатқызамыз?**

- А) Ауыр атлетика
- В) Вело жарыс
- С) Бокс
- Д) Көркем гимнастика
- Е) Серфинг

**7. Адамдардың әлемді көркемдік игеруге бағытталған рухани-практикалық іс-әрекетінің саласы:**

- А) Өнер
- В) Философия
- С) Мораль
- Д) Ғылым
- Е) Дін

**8. «Өмірді түсіну үшін оның ағаштармен қатар өсімдік әлеміне және жануарларға қатыстылығын түсіну керек» сөзін кім айтты?**

- А) Ясперс
- В) Гегель
- С) Пирс
- Д) Сартр
- Е) Ницше

**9. М.Шолоховтың шығармасына қайсысы жатпайды?**

- А) “Тынық Дон”
- В) “Арбат балалары”
- С) “Адам тағдыры”
- Д) “Көтерілген тың”

**10. Олжас Сүлейменовтің шығармасына жатпайтын...**

- А) “Қан мен тер”
- В) “Аз и Я”
- С) “Жер адамға табын”
- Д) “Оттың айналымы”

**Жауаптары:**

<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>4</b>	<b>5</b>	<b>6</b>	<b>7</b>	<b>8</b>	<b>9</b>	<b>10</b>
А	В	А	А	С	Д	А	Е	В	А



## Реферат тақырыптары.

1. Көне мәдениет өнері.
2. Ежелгі грек мәдениетіндегі өнер стильдері.
3. Ортағасырлар өнері.
4. Живопись өнерінің қалыптасып, дамуы.
5. ХҮІІ-ХІХ ғғ. Еуропа мәдениетіндегі жаңа өнер бағыттары.
6. Қазіргі заманғы Қазақстан өнері.

### 5 тақырып. МӘДЕНИЕТ ЖҮЙЕСİNДЕГІ ДІН

Дін – рухани мәдениеттің құрамдас басты бір саласы. Дін өзінің даму барысында пұтқа табынушылықтан, яғни политеизмнен монотеизмге дейінгі эволюциялық сатылардан өтті. Діннің пайда болуын түсіндіруде ғалымдардың арасында ортақ көзқарастар жоқ. Бұл мәселені шешу ғалымның зерттеушілік позициясына дүниетанымдық ұстанымынан құндылықты бағдарлануына тікелей байланысты. Діннің классикалық тұжырымдарында дін сенім ретінде қарастырылады. Ал бұл сенімнің басты объектісі – Құдай. Жаратушы, құдіретті күш. Бұл тұжырымға сәйкес дін адам танымының шектілігіне, яғни табиғат пен өз психикасының құбылыстарын түсіне алмауынан туындайды. Теологиялық тұжырымдар дінді адамның құдаймен, құдіретті күшпен байланысы деп түсіндіреді. Діни түсініктер мен діни толғаныстар адамға априори берілген. Бұл тұжырымға сай адам әрқашан "құдаймен тұтасып кетуге, немесе құдайылық аяға" қайтып оралуға талпынады.

Діннің әлеуметтанулық тұжырымдары діннің әлеуметтік табиғатын ашуға талпынады. М.Вебер дінді әлеуметтік іс-әрекетке мән-мағына беру тәсілі деп сипаттайды. Мәдениет феномені ретінде дін әр түрлі құбылыстарға мәндік мазмұнды таба отырып, дүниені жүйелейді. Яғни дін адамның қоршаған әлеуметтік ортаға және табиғи ортаға деген тұтас көзқарасын қалыптастырады және оның осы ортада бағдарлануын (ең алдымен адамгершілік бағдарлануын) қамтамасыз етеді. Э.Дюркгейм дінді қоғамның тұтастығын қамтамасыз ететін бастау деп қарастырады. Діннің қайнар көзі ұжымдық психология, адамдардың сырласу, бір-бірімен қоғамдық-психологиялық қарым-қатынас процесі деп санайды. Биологиялық тұжырымдар діннің негізін адам бойындағы биологиялық немесе биопсихикалық процестерден іздейді. Діннің негізі діни инстинкт, діни сезім бұлар адамның тіршілік үшін күресінің бейімделуінің құралдары болып табылады. Психологиялық тұжырымдар дінді жеке адамның немесе топтың психикалық құбылыстары негізінде түсіндіруге талпынады. Бұл бағыттың өкілдері дінді адамның эмоциялары мен: үрей, махаббат, ар-ұят, адамгершілік сезімімен байланыстырады. Неміс философы И.Кант дінді моральдық және статутарлық деп ажыратады. Таза парасат сеніміне, моральдық сезімге негізделген дінді Кант "таза моральдық дін" деп атайды. Онда әркім өзінің ақыл-парасаты арқылы өз бойындағы құдайылық ерікті таниды. Моральдық сенім-еркін сенім "дін дегеніміз өзіміздің парызымызды құдайылық өсиеттер ретінде тануымыз" –дейді, Кант. Статутарлық дін адамға сырттан танылады және статутарлық сенімге негізделеді. Кант адам дінге күштеу арқылы

емес, рухани ояну, сана-сезім, ақыл-парасаттың кемелденуі негізінде келуі керек дейді. ХХ ғасырда Канттың дін туралы көзқарастары Э.Фроммның гуманистік ұстанымдарында өз жалғасын тапты. Ол діндерді авторитарлық және гуманистік деп жіктейді.

Авторитарлық дін – адамды сыртқы күшке бас июге шақырады. Оның басты ізгілігі – бағыныштылық. Ал канондалған догмаларға мойынсұнбауды бұл дін типі күнәһарлық деп санайды. Э.Фроммның пікіріне сай құдіретті күшке бағыну арқылы адам өз болмысының шектілігін жеңуге және жалғыздық сезімінен құтылуға талпынады. Құдіретті күшке бағынған, мойынсұнған адам өзін қауіпсіз сезінеді, өйткені құдіретті күш пәле-жаладан сақтайды деп ойлайды. Сөйтіп авторитарлық дінде адам өзінің тұтастығы мен тәуелсіздігінен бас тартқанымен сыртқы күш тарапынан қолдау мен қорғауға ие болады.

Гуманистік дін адам тұлғасының тұтастығына, оның қабілеті мен өз күшіне сенген сеніміне, шығармашылық мүмкіндігін жүзеге асыра білуіне бағытталған. Гуманистік дін тұлғаның кемелділігін, өзіндік құндылығын жан-жақты негіздеп, адамды басқа адамға құрметтілік, ынтымақтастық, ғарыш пен адамның бірлігі, тіршілік бітімдеріне жан ашырлық, аялау тұрғысынан тәрбиелейді. Бұл діннің басты мақсаты – адамның дәрменсіздігін емес, қайта оның қуатын, ізгі табиғатын, ізгілікке қабілеттілігін паш ету.

Гуманистік діннің тағы бір сипаты толерантылық (төзімділік) ұғымымен байланысты. Гуманистік дін үшін адамның қай дінді ұстанатындығы соншалықты маңызды емес. Жалпы адамзаттық қасиеттер барлық діндерге ортақ. Бұл дін типі адамның діни тиістілігіне қарамастан оның бойындағы тұлғалық құндылықтар мен бастауларды ашып, оларды тұлғалық және тұлғааралық деңгейде бекітіп, қалыптастыруға бағытталған. Тамырын тереңге жайған діни ала ауыздықты, әртүрлі діни нанымдағы адамдар қауымдастығы арасындағы сенімсіздік пен күдікті жоюды да гуманистік діннің болашақтағы үлесі деп санаймыз.

Жиырма бірінші ғасыр мен үшінші мыңжылдықтың мәдени келбетін, жалпы планетарлық өркениет сипатын анықтау мақсатында көптеген болжамдар айтылғаны баршаға белгілі. Оларды оптимистік және пессимистік деп жіктеуге болады. Соңғыларына назар аударсақ (Мысалы, С.Хантингтонның "Өркениеттер қақтығысы" тұжырымы) адамзаттың болашақтағы тарихы да қақтығыстаға толы болмақ және өркениеттер қақтығысының түпкі себебі олардың бір-біріне мүлдем ұқсамайтындығында жатыр. Ал өркениеттерді ажыратып тұрған негізгі белгі дін (діни нанымдар) болып табылады. Мұнан көретініміз дін келесі ғасырларда да мәдениет пен саясатқа, экономика мен әлеуметтік қатынастарға ықпал етуге қабілетті күш ретінде өз мәнін сақтап қалады. Осы тұрғыда діннің болашақтағы тұрақтылыққа қауіп төндіретінін есепке алмауға болмайды. Сондықтан діни қақтығыстарға жол бермеу – әрбір қоғамның, адамзат қауымдастығының алдында тұрған келелі мәселе. Бұл мақсатты іске асырудағы басты міндет – әр түрлі діни нанымдағы адамдарды діни төзімділік, өзара түсіністік аясында тәрбиелеу болып табылады. Осы жайтқа соңғы жылдары ЮНЕСКО, БҰҰ сияқты халықаралық ұйымдар ерекше назар аударып отыр. Осы орайда ЮНЕСКО жұмыс орталығы 1994 жылы Каталонияда ұйымдастырған кездесуде қабылданған діннің бейбітшілік мәдениетін дамытудағы рөлі туралы декларацияны айта кеткен жөн. Декларация

көрнекті діни қайраткерлер арасындағы сұхбаттың ЮНЕСКО-ның этикалық миссиясына өз үлесін қосатынын атап көрсетті (Қар. Бейбіт мәдениеті жолында. А., 2000 ж. 155 б.). Бұл тұрғыда діни төзімділік қағидасының маңызы зор. Өйткені барлық конфессиялар өз қауымын бейбітшілік пен келісімділікке, басқа адамдардың құқы мен діни сенімдерін аяққа баспауға, келісімді өмір сүруге шақырса және толеранттылық идеяларын нақты іске асыруға өз үлестерін қосса көптеген мәселе шешілер еді. Төзімділікке байланысты осындай құлықтылықты императивтер әлемнің барлық діндеріне тән және олардың негізгі құжаттарында өз көрінісін тапқан.

Дін тарихына терең үңілу барлық діндердің адамгершілік – моральдық негіздерінің өте ұқсас екендігін аңғартады. Ал олардың арасындағы рәсім-рәміздік айырмашылықтар соншалықты маңызды емес. Сондықтан діндердің позитивті мүмкіндіктерін қазіргі өркениет прогресіне қызмет еткізе білген абзал. Жоғарыда аталған міндеттердің жүзеге асыуы өз кезегінде діндердің тарихы мен негізгі қағидаларын жетік білуді талап етеді. Сол себепті келесі сұрақтарымызда әлемдік діндердің пайда болып, дамуына, діни ілімдердің ерекшеліктеріне талдау жасайық. Әлемдік діндердің ішіндегі ең көнесі – **Будда діні**. Ол б.э.д. VI ғ. пайда болған. Бұл дәуірлерде ежелгі Үндістанда терең саяси-экономикалық өзгерістер орын алды. Касталық әлеуметтік құрылыс және оған негізделген дүниетаным дағдарысқа ұшырады. Үндістанның әр жерлерінде осы дағдарыстардан шығудың жолын ұсынған көптеген діни-этикалық ілімдер пайда болды. Солардың ішіндегі көпке белгілісі және беделдісі Будда ілімі болды. Буддизмнің көптеген қағидалары мен ұғымдары брахманизм ілімінен қабылданғанмен буддизм касталық қоғамдық тәртіпті, дүниетанымды жан-жақты сынға алады. Әр адам жеке өзінің адал жолын таңдап, будда ілімін қабылдау арқылы сансара (мәңгілік туу, жанның тәнге қайта қону айналымы) шеңберінен шығу мүмкіндігіне ие болады. Адамдар арасындағы әлеуметтік айырмашылықтар оның адамгершілік қасиеттеріне байланысты және рухани кемелдену барысында әлеуметтік жағдайы өзгеріске ұшырауы ықтимал деп саналды.

Бастапқы буддизм идеялары ежелгі үнді қоғамында тез қарқынмен таралды. Өйткені, будданың қарапайым да түсінікті уағыздары қоғам ізденісі мен рухани талаптарына сай келген еді. Б.з.д. VI ғасырда Үндістан жеріндегі ең үлкен мемлекет билеушісі Ашока өзін будда ілімінің және монахтығы-сангхидің қорғаны деп жариялайды. Осы арқылы ол жергілікті князьдықтармен тартыста өз билігін күшейтуге талпынады. Паталипутрада өткен 3 соборда будда ілімін канонизациялау процесі басталады. Буддизмнің үш асыл қазынасы ұстаз – Будда, ілім-дхарма, ақиқат сақтаушылары – сангхе туралы қағидалар қабылданады.

Будда ілімі бірнеше канондалған жинақтарда баяндалады. Олардың ішіндегі ең маңыздысы – "Трипитака" (Будда ілімі талдан тоқылған үш себетке сиып кеткендіктен осы атау қабылданған).

Бұл дін ілімінің негізін төрт асыл ақиқат құрайды. Олардың біріншісі өмір деген – азап, екіншісі – азаптың себебі адамның құмарлықтары мен мұқтаждықтары, үшіншісі – осы жоғарыда айтылғандардан арылу арқылы азапты тоқтатуға болады, төртіншісі – азапты тоқтату үшін дұрыс өмір сүру керек. Соңғысы буддизмнің сегіз

тармақты жолы арқылы жүзеге асады. Бұл жол "дұрыс әрекеттен" және "шынайы білімнен" тұрады.

"Дұрыс әрекет" дегеніміз адам өлтірмеу, тірі жанға зиян тигізбеу (ахимса), ұрлық істемеу, өтірік айтпау, ақылдан адастыратын ішімдіктерді ішпеу сияқты принциптерден тұрады.

"Шынайы білім" – өзіне-өзі үнілуді, ішкі пайымдау-медитацияны білдіреді. Осы екеуінің тұтастығы адамға өмір мен өлімнің мәңгілік шеңберінен шығып, нирванаға жетуге мүмкіндік береді.

Будда ілімінің дамуы барысында оның негізгі екі тармағы хинаяна мен махаяна қалыптасты. Хинаяна монахтық өмір салтын ұстанып, Будда ілімін терең игеруге басты назар аударады. Махаянада кез-келген адам нирванаға жете алады делінеді. Алайда, махаянада қауымға тәжірибелі-бодхисатвалар жетекшілік етуі керек. Хинаянаға қарағанда махаянада діни әдет-ғұрыптар күрделірек болып келеді. Б.з.д. III-I ғғ. Буддизм оңтүстік, оңтүстік-шығыс Азияға хинаяна түрінде таралса, б.з. I ғ. бастап ол солтүстік, солтүстік-батысқа махаяна түрінде тарала бастайды.

**Христиан діні** – әлемдегі ең көп таралған дін, б.з. I ғасырында Палестинада пайда болды. Палестина император Помпейдің жаулап алғанынан кейін Рим империясының құрамына енген еді. Тәуелсіздіктен айырылу, көтерілістердің аяусыз бастырылуы, әлеуметтік және мүліктік теңсіздіктің тереңдеуі, ертеңге деген сенімсіздік, қоғамда мистикалық көзқарастардың таралуына ықпал етті. Б.з. I ғ. Палестинада иудей халқын құтқарушы құдай елшісінің келетінін уағыздаушылар қаптап, әртүрлі діни ағымдар кең таралды. Осылардың ішінде ессеилер қауымына ерте христиандықта кездесетін белгілер тән болды. Бұл ұқсастықтар messiанизм, эсхатологиялық, күнәкарлық идеяларын түсінуден байқалады. Ессеилер қауымында барлық мүшелердің, мүлік теңдігі уағыздалды.

Христиан діні құлдық тәртіпті айыптап, қарапайым халықтың мүдделерін қорғауға талпынады. Сөйтіп, адамдарға Христос әкелген құдайылық ақиқатты тану арқылы әрбір адам бостандыққа жете алады деп жариялайды.

Адам төзгісіз қоғамдық қатынастарға қарсы шығып, әр адамға түсінікті адамгершілік құндылықтарды ұстануға шақырған христиан діні тез арада үлкен идеялық күшке айналды. Кейіннен христиандық идеяларды қоғамның ауқатты бөлігі де қабылдайды. Христиандық қозғалысқа ақсүйектер мен білімді адамдардың тартылуы оның әлеуметтік мазмұнын өзгертті. Жоғарғы тап өкілдері қауымда жетекші орындарға ие болады, мүлік пен діни рәсімдерді атқаруға басшылық етеді. Енді олар теңсіздікті жою, қалыптасқан тәртіпке қарсы шығу идеяларын христиандықтан ығыстыруға талпынады. Қалыптасып келе жатқан шіркеу ұйымы орталықтануға ұмтылады. Біртіндеп Рим қауымы, батыс Рим империясындағы басқа қауымдарға өз билігін жүргізе бастайды.

Шіркеу мен қауым басшылары императорлық билікпен жақындасуға талпынады, ал императорлық билік өз тарапынан империяны бір дін аясында топтастыруға мүдделі еді. Император Константин 312 жылы христиан дінінің мемлекеттік дінге айналуына бастау болған Милан шешімін қабылдайды. Ал 325 жылы толыққанды билікке қол жеткізген Константин Рим империясының аумағында христиандықты шектеусіз таралуын және оның басқа діндермен теңдігін

қамтамасыз етеді. Император Юстианның 529 жылы Афина жоғарғы мектебін жабуы пұтқа табынушылыққа берілген соңғы соққы болды.

363 жылы өткен Лаодикей соборы канондалған христиандық шығармалардың тізімін белгіледі. Алайда, жаңа өсиет құрамына енген кітаптар тізімі 429 жылы Карфаген соборында бекітілді. Жаңа өсиет құрамына 4 інжіл, апостолдардың 21 өсиеті және Иоанның Апокалипсисі кіреді. Бұлардың барлығы христиандар үшін киелі кітаптар болып саналады.

Христиандық ілімнің қалыптасып дамуында христиан ойшылдары апологеттер мен патристика өкілдерінің еңбектері зор роль атқарды. Апологеттер христиан ілімін пұтқа табынушылықпен күрес барысында қорғауды мақсат етсе, патристика христиандық дүниетаным мен философияның негізін қалады.

Христиан догматтары бірден қалыптаса қойған жоқ, тіпті бірқалыпқа келтірілген соң да олардың төңірегіндегі пікір-таластар тоқталмады. Бұл пікір-таластар құдайдың үштік бірлігі, құдайға айналу (боговоплощение) және күнәдан арылу қағидаларының төңірегінде топтасты.

Б.з. 325 ж. өткен христиан шіркеулерінің Никей соборы құдай-әке мен құдай-бала бір мәнді емес деп тұжырымдаған Александриялық епископ Арийдің және оның ізбасарларының ілімін айыптап, осы қағиданың түпкілікті түсінігін жасады. Құдай үш бірліктің тұтастығы және құдай-бала құдай әкемен бір мәнді деп танылды.

Құдайдың үштік бірлігі идеясымен қатар Иса пайғамбардың бойында адамилық пен құдайылық қалай ұштасады деген мәселе де күн тәртібінен түспеді. Б.з. V ғ. адамға құдайылықтың қонуы туралы қағида төңірегінде қызу пікір-таластар орын алды. Константинополь патриархы Несторий Христос бойындағы адами және құдайылық бастаулардың аражігін толық ажырату идеясын алға тартты. Алайда б.з. 431 ж. өткен Ефес соборы "Христос бойында құдайылық пен адамилық бастау ажырамас бірлікте болады" деген шешімге тоқталды. Монофизиттер болса Христостың тек құдай табиғаты бар деп тұжырымдады.

Бұл пікір-таластардың ар жағында Александриялық, Константинопольдық және Римдік шіркеулердің арасындағы христиан әлеміне үстемдік етуге деген күресі жатты. Осы күрес барысында төрт автокефальді (тәуелсіз) шіркеулер пайда болды. Олар: Константинопольдық, Александриялық, Антиохиялық және Иерусалимдік.

Христиан діні бірнеше бағыттарға бөлінеді. Бұл бөліну б.з. IV ғасырда басталады да 1054 жылы христиандар батыс және шығыс христиандары болып біржола бөлінеді. Ал XVI ғасырда Еуропада тарихи-әлеуметтік және мәдени дамудың барысында протестантизм бағыты пайда болады (Бұл бағыттардың ерекшеліктері туралы сіздер М. Үсенова мен С.Үсеновтың Дінтану. А., Қазақстан, 1995 ж. кітабынан толық мәлімет ала аласыздар).

**Ислам** – әлемдегі ең жас дүниежүзілік дін. Соңғы деректер бойынша әлемде 1,3 млрд адам ислам дінін ұстанады. 35 мемлекетте мұсылмандар тұрғындардың басым көпшілігін құрайды. 28 елде ислам мемлекеттік дін деп жарияланған.

Ислам б.з. VII ғасырында Арабия түбегінде пайда болған. Ислам діні өзіне дейінгі діндердің жетістіктері мен кемшіліктерін терең сараптау, талдау, ой тұжырымдау негізінде пайда болды. Исламның негізін бір құдайылыққа (монотеизм) табыну құрайды. Арабияда монотеизмді уағыздауда көріпкелдер (кахиндер) мен ханифтер өте зор атқарды.

Саяси-элеуметтік тұрғыдан алғанда ислам діні араб тайпаларының орталықтанған мемлекетке бірігуінің қажеттілігінен туындайды және осы қажеттіліктің нәтижесі болып табылады. Арабия түбегінің Азия мен Африка және Жер орта теңізінің тоғысқан жерінде орналасуы Византия мен Иран мемлекеттері тарапынан үлкен қызығушылық тудырды. Өйткені, сауда жолдарына бақылау жасаудың экономикалық маңызы зор еді. Аталған мемлекеттердің бұл саясатына бірде-бір жеке тайпа қарсы тұралмасы белгілі. Ал тайпалардың басын біріктіру үшін ортақ бір дін қажет-тін. Сол дәуірде араб тайпаларының ішінде күрейіш тайпасының беделі мен ықпалы басым еді және барлық араб тайпалары үшін қасиетті саналатын Каабада күрейіштер қолындағы Мекке қаласында болатын. Исламның негізін қалаған Мұхаммед пайғамбарда осы тайпадан болатын.

Мұхаммед пайғамбар б.з. 570 ж. Мекке қаласында дүниеге келген. Жастайынан ата-анасынан айырылған Мұхаммед ағасы Әбу Тәліптің қолында тәрбиеленеді. Дін уағыздау жолында Мұхаммедтің басына қауіп төнгенде оны Әбу Тәліп қорғап, қолдайды. 25 жасында Мұхаммед Хадиша атты әйелдің сауда керуенін басқарады. Кейін Хадишаға үйленеді. Хадиша Мұхаммедтің әйелі ғана емес, ең жақын досына, ақылшысына, өмірдегі арқа сүйер тірегі де бола білді. Алладан алғаш аян алғанда Хадиша Мұхаммедтің сөзіне сеніп, Аллаға деген сенімін нығайтады, өзі де алғашқылардың бірі болып исламды қабылдайды. Хадишадан басқа исламды алғаш қабылдағандар Мұхаммедтің еркіндік берген құлы Зейд ибн әл-Хариса мен інісі Әли еді. "Ислам деген сөздің мағынасы: Алланың және оның пайғамбарларының бұйырықтарына сеніп, мойындау. Аллаға берілу. Осылайша Аллаға, пайғамбарына шын сеніп мойын ұсынғанды "мұсылман" дейді (Қар. Гибадатул Ислам. Халифа Алтай Ғақып ұлы. А., "Берен Лиик" 1994 ж. 4 б.).

"Алладан басқа құдай жоқ, Мұхаммед оның елшісі" деген сөзді айтқан адам мұсылман болып саналады. Алайда мұсылмандық жолын ұстау адамнан үлкен қажыр-қайратты, табандылықты, рухани ізденіс пен ұстамдылықты талап етеді.

Исламның киелі кітабы – Құран. Ол 114 сүреден, 6236 аяттан тұрады. Әртүрлі пікір-таластар тудырмау мақсатында Осман халиф (644-656 жж.) тұсында Зайд ибн Сәбит бастаған пайғамбар сахабалары Құранның жинақталған мәтінін жазады.

Сүннә да мұсылмандар үшін киелі кітап саналады. Сүннә Мұхаммед пайғамбардың айтқан нақыл сөздері мен істеген істері жайлы хадистерден тұрады.

Исламның өзегін бес негізгі парыз құрайды. Олар: Алладан басқа жаратушының жоқ екенін және Мұхаммедтің Алланың елшісі екенін мойындау. Мұны иман келтіру (таухид) деп атайды. Екіншісі, бес уақыт намаз оқу, үшіншісі, зекет беру. Төртіншісі, жылына бір рет ораза ұстау. Бесіншісі, егер мүмкіндігі болса Меккеге қажылыққа бару.

Сонымен қатар исламда джихад (газават) ұғымы бар. Джихадты кәпірлерге қарсы қасиетті соғыс деп біржақты түсінуге болмайды. Б.з. ІХ ғ. ислам ілімінде джихадтың бес түрі туралы түсінік қалыптасады.

1. Джихадтың ең жоғарғы формасы-рухани джихад – Алла жолында өзін-өзі жетілдіру.
2. Семсер джихады – дінді қорғау жолындағы қарулы күрес.
3. Жүрек джихады – адамның өз бойындағы кесірлері және кемшіліктерімен күресі.
4. Тіл джихады – жақсы істі қолдап, жамандықты айыптау.

5. Қол джихады – исламның әдеп және шариғат нормаларын бұзғандарға жаза қолдану.

Исламда бес парызбен қатар төмендегідей ақиқат қағидаларды мойындау шарт.

1. Алланың күдіретіне сену.
2. Оның періштелеріне сену.
3. Құранға сену.
4. Алланың пайғамбарларына сену (олардың алғашқысы – Нұқ, соңғысы – Мұхаммед).
5. Ақыретке сену (заманның соңына және әркімнің өз істері үшін жауап беретініне сену).
6. Жазмышқа сену.

Исламда негізгі екі бағыт бар. Олар: суннизм және шиизм (Бұл туралы сіздер М.Үсенова және С.Үсеновтың Дінтану. А., 1994 кітабынан толығырақ таныса аласыздар).

Исламда ораза айт және құрбан айт дейтін екі үлкен мейрам аталып өтіледі. Ораза айт ораза ауыз бекітуі аяқталған соң, ал құрбан айт мұсылман жыл санауының соңғы айы Зү-ль-хиджаның оныншы күні, қажылық аяқталған соң аталып өтіледі. Бұл күндері әрбір мұсылман басқаға деген ренішін ұмытып, кешірім етеді. Алыстап кеткен туыстар табысады. Ислам адамдарды бауырластыққа, татулыққа шақырады. Ислам осындай қарапайым қағидаларды орындауды адами парыз деп қарастырады. Көріп отырғанымыздай барлық діндердің рухани ұстанымдары мен әдеп нормалары бір-бірімен үндес, барлық адамдар үшін ортақ болып табылады. Сондықтан діндердің әлемдегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған осы мүмкіндіктерін тиімді іске асыру қазіргі өркениет үшін өзекті мәселе болып отыр. Елордасы – Астана да болып өткен "Әлемдік және дәстүрлі діндердің" съезі осы бағыттағы алғашқы қадам болып табылады. Бұл бағытта әлі де талай қажырлы іс-әрептерді жүзеге асыру қажет. Тек осы бағыттағы табанды еңбек қана адамзаттың келесі мыңжылдықтағы жарқын болашағын қамтамасыз ете алады.

### **Негізгі ұғымдар.**

Дін. Діни сенім. Моральдық және статутарлық дін. Гуманистік және авторитарлық діндер. Толеранттылық. Нирвана. Карма. Дхарма. Сансара. Креационизм. Эсхатология. Теоцентризм. Теодецея. Католицизм. Православие. Протестантизм. Иман. Сауап. Намаз. Ораза. Суннизм. Шиизм.

### **Өзін-өзі бақылау тапсырмалары.**

#### **1. Діни дүниетаным негізінде не жатыр:**

- A) Сенім
- B) Білім
- C) Даналық
- D) Игілік
- E) Махаббат

#### **2. Әлемдік діндерге қайсылары жатады:**

- A) Жайнизм, буддизм, ведизм
- B) Ислам, христиан, буддизм

- C) Православие, джайнизм, католицизм
- D) Ислам , иудаизм, протестантизм
- E) Католицизм, тенгрианство, манихейство

**3. Ислам талаптары мен нормаларының жиынтығы:**

- A) Шариат
- B) Этика
- C) Саясат
- D) Кодекс
- E) Дін

**4. Қай дінде өмір қызығынан қашуды, құштарлықтан құтылудың «сегіз жолын» таңдайды:**

- A) Буддизмде
- B) Исламда
- C) Иудаизмде
- D) Даосизмде
- E) Христиандықта

**5. Буддизмнің негізін қалаған :**

- A) Пандитагрия
- B) Шри-Ауробиндо
- C) Сиддхарха Гаутама
- D) Локаята-Чарвака
- E) Соманатха

**6. Грек сөзі « Библия» қалай аударылады:**

- A) Кітап
- B) Оқу
- C) Нақылдар
- D) Киелі
- E) Құдай

**7. Будда философиясымен қазақ оқырманын алғаш таныстырған:**

- A) М. Әуезов
- B) Ж. Аймауытов
- C) С. Торайғыров
- D) М. Тынышпаев
- E) М. Дулатов

**8. Абай философиясының орталық мәселесі:**

- A) Методология
- B) Таным
- C) Адам
- D) Онтология
- E) Дін

**9. Индуистік діни-философиялық ілім.**

- A) Даосизм
- B) Йога
- C) Сутра
- D) Дедукция



Е) Тантра

**10. Адамның қоршаған орта мен стихиялық күш қатынастарымен байланысты, діни және мифологиялық көріністерді қосатын халықтық дүниеге көзқарасы негізінде тарихи түрде қалыптасқан қай дін?**

А) Шаманизм

В) Буддизм

С) Зороастризм

Д) Ислам

Е) Тәңірлік

**Жауаптары:**

<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>4</b>	<b>5</b>	<b>6</b>	<b>7</b>	<b>8</b>	<b>9</b>	<b>10</b>
A	B	A	A	C	D	A	E	B	A

**Реферат тақырыптары**

1. Көне дін бітімдері.
2. Дін. Мәдениет. Саясат.
3. Дін және өнер.
4. Діни төзімділік және діни құндылықтар.
5. Қазіргі мәдениеттегі діндер диалогы.

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Акишев М.К. Искусство и культура саков. А., 1984.
2. Анохин Б. Буддизм. М., 1991.
3. Борев Ю. Эстетика. М., 1988.
4. Ерасов Б.С. Социальная культурология. М., 1997.
5. Еремеев Ф.Е. Ислам. Образ жизни и стиль мышления. М., 1989.
6. Ғабитов Т.Х., Мүтәліпов Ж.М., Құлсариева А.Т. Мәдениеттану. А., 2004.
7. Ғабитов Т.Х. Мәдениеттануға кіріспе. А., 2006.
8. Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера Земли. М., 1990.
9. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. М., 1993.
10. Культура народов Востока. М., 1984.
11. Қабдолов З. Сөз өнері. А., 1992.
12. Нуржанов Б.Г. Бейбіт мәдениеті жолында. А., 2000.
13. Маркова А.Н. Культурология. М., 1995.
14. Пигалев А.И., Культурология. Волгоград, 1999.
15. Сорокин П. Человек. Общество. Цивилизация. М., 1990.
16. Струве В.В. Древний Восток. М., 1969.
17. Соколов Э.В. Понятие и сущность культуры. М., 1989.
18. Тойнби А. Постигение историй. М., 1993.
19. Төкенов О.С. Мәдениеттану. А., 2000.
20. Шпенглер О. Закат Европы. М., 1994.
21. Философия және мәдениеттану. А., 1999.
22. Үсенов С., Үсенова М. Дінтану. А., 1994.
23. Ясперс К. Смысл и назначение историй. М., 1992.

## МАЗМҰНЫ

1. Алғы сөз .....	3
2. Мәдениеттанудың гуманитарлық ғылымдар жүйесіндегі орны .....	4
3. Мәдениет теориялары .....	12
4. Мәдениеттер типологиясы .....	20
5. Мәдениет және өнер .....	29
6. Мәдениет жүйесіндегі дін .....	41
7. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі .....	49

Пішімі 60x84 1/12  
Көлемі 31бет 2,6 шартты баспа табағы  
Таралымы 20 дана.  
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ  
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.  
Ақтау қаласы, 27 ш/а.